Сыр бойы

№14-15
(20688-20689)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

27 қаңтар, сенбі 2024 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

СЕЙСМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Алматы қаласында сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөнінде кеңес өтті. Жиынға Президент Әкімшілігі мен Қауіпсіздік Кеңесінің басшылығы, Үкімет мүшелері, қалалар мен облыстардың әкімдері, сондай-ақ аймақтардағы төтенше жағдайлар департаменттерінің жетекшілері қатысты.

Мемлекет басшысы ел аумағының үштен бір бөлігінде жер сілкінісі қаупі бар екенін, сейсмологиялық станциялар соңғы 5 жылда 45 мыңнан астам дүмпуді тіркегенін айтты. Оның көбі – төмен балдық жер сілкінісі.

Президент Алматыда болған төтенше жағдай кезінде тиісті органдар шұғыл әрекет етуге толық дайын болмағанын, қала тұрғындары не істерін білмей, абдырап қалғанын атап өтті. Сондықтан бұл жиынның басты мақсаты – сын айту емес, нақты шешімдер қабылдау екеніне тоқталды. Инфрақұрылымдардың халықты эвакуациялауға дайындығына және құлақтандыру жүйесіне қатысты мәселеге ерекше назар аударды. Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жүйесін материалдық-техникалық тұрғыдан жарақтандыру деңгейінің төмендігін сынға алды. Бұл сейсмикалық мониторинг желісіне де, сондай-ақ құтқарушыларды заманауи құрал-жабдықтармен, техникамен және арнаулы киімдермен қамтамасыз ету ісіне де қатысты.

Мемлекет басшысы Алматыдан бөлек, еліміздің басқа да аймақтары жер сілкінісіне дайын болуы және қажетті инфрақұрылымды қамтамасыз етуі тиіс екенін атап өтті. Еске салсақ, 23 қаңтар күні Алматы облысы аумағындағы 5 балдық жер сілкінісі кезінде үрей, дүрбелең салдарынан 50 шақты азамат зардап шегіп, 40-тан астам ғимаратта жарық пайда болған.

Кеңестен кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев арнайы мәжіліс өткізді. Оған қала, аудан әкімдері, құқық қорғау органдарының, мемлекеттік мекемелердің басшылары қатысты.

2-бет

САУДА МӘДЕНИЕТІ: ТӘРТІПСІЗДІК НЕДЕН ТУДЫ?

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен шұғыл жиналыста 25 қаңтар күні Қызылорда қаласындағы «ВІ Қызылорда» аяққиім дүкенінде болған жағдайға баға беріліп, жауапты тұлғаларға шара көрілді. Жиынға қала, аудан әкімдері, жауапты мекеме басшылары қатысты.

Еске салсақ, аталған дүкен «Барлық аяққиімдер 1000 теңгеден» акциясын ұйымдастырып, оған тұрғындар көп жиналған. Дүкеннің есігі мен ішкі мүліктерін қиратып, наразылық білдірген. Акциядағы жұртшылықтың іс-әрекеті әлеуметтік желілерде кеңінен таралып, резонанс тудырды.

– Өте ұят жағдай, бұл аймақтың ақпараттық кеңістіктегі оң имиджіне кері әсерін тигізді. Біз өз тарапымыздан мұндай шаралардың алдын алу үшін жұмыс жүргізіп келеміз. Өздеріңіз білетіндей, өткен жылы Қызылорда қаласында «40 қазан палау» акциясы ұйымдастырылып, ол туралы жарияланған ақпараттар біразға дейін талқыланды. Бұрын да қатаң ескерткенмін, мұндай акцияларды ұйымдастыруға ниет білдірген кәсіпкерлер қала, аудан әкімдігіне алдын ала хабарлау қажет. Құзырлы органдарда көмекке мұқтаж отбасылардың тізімі бар, сондықтан жаппай төбелеске жол бергеннен гөрі, адресті түрде көмек көрсеткен дұрыс.

2-бет

БАЙҚОҢЫР ҚАЛАСЫНЫҢ БАСШЫСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Байқоңыр қаласының басшысы Константин Бусыгинмен кездесті.

Аймақ басшысы Қазақстан мен Ресей мемлекеттік органдарының бірлескен іс-қимылы нәтижесінде «Байқоңыр» кешенін дамыту мәселелері тиімді шешіліп келетінін атап өтті.

– «Байқоңыр қаласын дамытудың ұзақ мерзімді бағдарламасын» іске асыруда және «Байқоңыр» кешені бойынша Қазақстан-Ресей үкіметаралық комиссиясының тапсырмаларын орындауда бірлескен жұмыс жалғасын тапқан. Үкіметаралық комиссияның соңғы отырысында тараптардың өзара түсіністігі мен ынтымақтастығының арқасында қаланың тыныс-тіршілігіндегі мәселелерді реттеу, сондай-ақ кәсіпкерлікті, туризмді дамыту үшін қолайлы жағдай жасау туралы уағдаластыққа қол жетті.

2-бет



Ашық дерекқордан алынды

Қыстың сәні – ақша қар

Қызылордада қыстың сәні енді кіргендей. 25 қаңтарда түскен қардың қалыңдығы 9 сантиметрге жетті. Жаңа жылды қарсыз қарсы алған қызылордалықтар қуанып, бір-бірін алғашқы қармен құттықтап жатты. «Қазгидромет» Қызылорда филиалының бөлім басшысы Әйгерім Жөкелованың айтуынша, 24 қаңтардағы қардың қалыңдығы 1-2 сантиметр болса, одан кейін қалыңдап 5, 25 қаңтар күні кешкісін 9 сантиметрге жеткен.

Sb Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

6-бет

Суреттерді түсірген Н.НАҚЖАНОВ

БӘРЕКЕЛДІ!

МЕМЛЕКЕТТІК СТИПЕНДИЯ ӘДЕБИЕТ ПЕН МӘДЕНИЕТТІҢ МАЙТАЛМАНДАРЫНА БЕРІЛДІ

Мемлекет басшысының Жарлығымен мәдениет саласындағы стипендия әдебиет пен өнердің 75 қайраткеріне тағайындалды. Алматыда ҚР Мәдениет және ақпарат министрі А.Балаеваның қатысуымен салтанатты жиын өткізіліп, өнер саңлақтары марапатқа ие болды. Сыр поэзиясының шынары Қатира Жәленова мен театр тарланы Бақытбек Алпысбаев та мәдениет саласындағы Мемлекеттік стипендияның иегері атанды. Жыл басындағы айтулы жаңалық тек мәдениет саласы үшін ғана емес, сырбойылықтардың барлығына ортақ қуаныш, ортақ жетістік десек, артық емес.

Sb Дина БӨКЕБАЙ, «Сыр бойы»

6-бет

САРАП

ӘЛЕМ ЭКОНОМИКАСЫ: ЖАҺАННЫҢ ЖАЙЫ МӘЗ ЕМЕС

Биыл жаһандық экономиканың өсу қарқыны бәсеңдейді. Үшінші жыл қатарынан осындай теріс көрсеткіш тіркеліп отыр. Енді дамушы елдерде кедейлік деңгейі одан әрі артуы мүмкін. Таяуда жарияланған Дүниежүзілік банктің «Әлемдік экономиканың болашағы» атты баяндамасы осы сарында. Сонымен, жаһан экономикасын қандай қауіп-қатер күтіп тұр?

Sb Мадияр ТӨЛЕУ, «Сыр бойы»

ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМ ЖАРЫТПАДЫ

Дүниежүзілік банк биыл әлемде жалпы ішкі өнім бар болғаны 2,4 пайызға өсуі мүмкін деп болжапты. Жыл сайын көрсеткіш азаюда, мысалы, 2023 жылы өсім 2,6, 2022 жылы – 3, 2021 жылы 6,2 пайыз болған. Сарапшылар жағдайдың жаһандық дағдарыстар кезеңінен де нашар екенін айтып отыр.

– 2020-2024 жылдары экономикалық өсуді 2008-2009 жылғы жаһандық қаржы дағдарысы, 1990 жылдың аяғындағы азиялық қаржы дағдарысына және 2000 жылдардың басындағы құлдыраудан да төмен деп бағалауға болады, – деп мәлімдеген Дүниежүзілік банк бас экономисінің орынбасары Айхан Косе.

2-бет

Ашық дерекқордан алынды

СЕЙСМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Мәжілісте облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының міндетін атқарушы Нұрсұлтан Ибрагимов баяндама жасап, Қызылорда облысы аумағының 1:1000000 масштабтағы сейсмикалық аудандастыру карталарын әзірлеу бойынша атқарылған жұмыстарға, алдағы жоспарларға тоқталды.

Қызылорда облысында мұнай-кен орындарында көмірсутек шикізатының өндірілуіне және кейбір аумақтардың тау бөктерінде орналасуына байланысты сейсмикалық қауіпті аймақтар бар.

Ықтимал төтенше жағдайлардан халықты құлақтандыру үшін «Қызылорда облысының басқару органдары мен халқын құлақтандырудың кешенді жүйесі» жұмыс жобасы іске асырылуда. 2021-2023 жылдары облыс бюджетінен қаржы бөлініп, оған 79 сиреналық-сөйлеу, 1 теле және радио арнаға қосылу құрылғысы, 8 басқару пульті орнатылып, жұмыс жасауда. Алматыдағы жағдайдан соң облыстық жедел штаб құрылған. Штаб құрамына азаматтық қорғау қызметтерінің басшылары мен төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері енген.

Жиын қорытындысымен аймақ басшысы төтенше жағдайлар департаментіне құлақтандыру жүйелері мен апаттық-құтқару күш құралдарының үнемі әзірлікте болуын бақылауға алуды, материалдық-техникалық базаның жеткілікті жарақталғанын тексеруді тапсырды. Ал облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы өңірдің сейсмикалық аудандастыру картасын әзірлеу бойынша тиісті министрліктермен жұмыс жүргізуі керек. Сондай-ақ Қызылорда қаласы, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған аудандары әкімдерімен бірлесіп, жаңадан салынатын нысандарды жобалау кезінде құрылыс нормаларындағы сейсмикалық талаптардың сақталуын қатаң бақылауға алуы тиіс.

Оған қоса бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде жеке тұрғын үйлерді сейсмикалық жағынан берік етіп салу туралы түсіндірме жүргізу жөнінде тапсырма берілді. Ал облыстық бақылау жөніндегі басқармасына қала, аудан әкімдіктерімен бірлесіп, соңғы 2 жылда сейсмикалық қауіпті аумақта салынған нысандардың талапқа сәйкестігін зерделеп, кемшіліктер анықталған жағдайда конструкцияларды күшейту жөнінде ұсыныс енгізу міндеттелді. Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы «Құмкөл» кен орнындағы мұнай компанияларының есебінен сейсмикалық станциялар орнату мәселесін пысықтап, ұсыныс әзірлеуге жауапты.

1-бет

БАЙҚОҢЫР ҚАЛАСЫНЫҢ БАСШЫСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Қаланы дамытудың ұзақ мерзімді бағдарламасы аясында менің тапсырмама сәйкес, қала әкімшілігінің қатысуымен инженерлік инфрақұрылым нысандарына бірлескен тексеру жүргізілді. Осылайша Қазақстан Республикасының қаражаты есебінен инфрақұрылымды жаңғыртуға қатысты шешімдер қабылданатын болады. Қазірдің өзінде қала тұрғындары біздің бірлескен жұмысымыздың нәтижесін көруде. Өздеріңіз білетіндей, өткен жылдың желтоқсан айында жалға алынған нысандар базасында 2 балабақша ашылды. Осы бағыттағы жұмыс жалғасатынына сенімдімін, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Өз кезегінде, Байқоңыр қаласының басшысы облыс әкіміне қолдау көрсеткені үшін алғыс айтып, алдағы уақытта да бірлесіп жұмыс жасауға ниет білдірді.

Еске салсақ, Байқоңыр қаласының Бас жоспарына сәйкес биыл бес тұрғын үйдің құрылысы аяқталады. Бірінші тоқсанда сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін одан әрі жаңғырту басталады. Сондай-ақ әлеуметтік, оның ішінде білім беру және спорт нысандарын салу мәселесі пысықталуда.

Мұнан бөлек, Байқоңыр қаласы жастарын қолдаудың 2022-2025 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспары аясында олардың білім алуы, табысты әлеуметтенуі үшін бірлескен жұмыстар қолға алынған. Мәселен, былтыр Байқоңыр қаласында облыстық жастар слеті өтті, жастардың Қызылорда қаласына экскурсиясы, мәдени-бұқаралық, спорттық және патриоттық іс-шаралар ұйымдастырылды.

Кездесуде «жұлдызды қалашықтың» ортақ мәселелері талқыланып, әрі қарай бірлесіп әрекет ету бағыттары айқындалды.

1-бет

САУДА МӘДЕНИЕТІ: ТӘРТІПСІЗДІК НЕДЕН ТУДЫ?

Егер өрт немесе басқа төтенше жағдай бола қалса, адамдар бір-бірін таптап, сауда үйінен сыртқа шыға алмай қалуы мүмкін еді. Алдағы уақытта осы жағдай барлығына сабақ болып, алдын алу шараларын үнемі назарда ұстауы тиіс. Бұл жерде қала әкімшілігі тарапынан тиісті бақылау болмаған, – деді аймақ басшысы.

Қызылорда қаласының әкімі Серік Қожаниязовтың баяндауынша, дүкен иесі жаңадан кәсіп бастағандықтан, науқан жариялаған, сол жерде жаппай тәртіпсіздік орын алған. Құқық қорғау және прокуратура органдары көпшілік іс-шараларды өткізу тәртібін бұзған кәсіпкерді заңға сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартады.

Аймақ басшысы қала әкіміне кәсіпкерлердің жауапкершілігін күшейтуді, жалдамалы ғимаратты пайдалануға берген сауда үйлерінің басшыларымен мәжіліс өткізіп, қатаң ескертуді тапсырды.

Жиналыс қорытындысы бойынша, облыс әкімінің бірінші орынбасары мен қала әкіміне жұмысқа жақында тағайындалғандықтан, ауызша қатаң ескерту жасалды. Қала әкімінің салаға жетекшілік жасайтын орынбасарына қатаң сөгіс түрінде жаза қолданылды. Осындай жағдайға жол берген қалалық кәсіпкерлік бөлімі басшысының қызметіне сәйкестігі қаралмақ. Бақылаудың жоқтығынан болған кемшілік үшін облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы сөгіс алды.

– Кәсіпкерліктің кең қанат жаюы үшін мемлекет барлық мүмкіндікті жасауда. Кәсіп иелерінің жұмысына кедергі келтірмеу керек, өйткені бұл жұмыс көзін, салық түсімін қамтамасыз етеді. Дегенмен аудандық, қалалық кәсіпкерлік бөлімдері белгілеген талаптар сақталып, тәртіпке бағынған жөн.

Бүгін шұғыл түрде шағын және орта, ірі кәсіпкерлік нысандарының, дүкен, базарлардың иелерімен кездесу ұйымдастырып, мұндай акцияларға жол бермеу қажеттігі жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізіңіздер. Қандай да бір акция ұйымдастыру туралы хабарлама анықталған жағдайда, дереу полиция басқармасымен (бөлім) бірлесіп, заңға сәйкес шаралар қабылдануы тиіс, – деді аймақ басшысы.

1-бет

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласына арналған мәжілісте өзекті мәселелер талқыланып, алдағы міндеттер белгіленді.

Аймақ басшысы ел Президентінің тапсырмаларын орындау үшін жоспарланған жұмыстарды сапалы әрі уақытылы іске асырудың маңыздылығын атап өтті.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАДАҒЫ МІНДЕТТЕР БЕЛГІЛЕНДІ

– Халықтың әлеуметтік көмекпен қамтылуы, мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау – мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі. Өздеріңізге белгілі, өткен жылдың қазан айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Сыр өңіріне жұмыс сапары барысында Нағи Ілиясов ауылындағы «Еңбек аллеясында» еңбек адамдарымен жүздесіп, пікір алмасты. «Шын мәнінде, еңбек адамдары – халқымыз үшін ең қажет азаматтар. Ең алдымен, біз еңбек адамдарына құрмет көрсетуіміз керек. Сондықтан мен сіздерді қолдаймын» деп ерекше ықыласын білдірді.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2023 жылғы 1 шілдеден бастап Әлеуметтік кодекс күшіне енді. Кодекстің негізінде облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы жанынан «Еңбек мобильділігі орталығы» құрылды. Қазір Қызылорда қаласы және барлық аудандарда филиалдары («Мансап» орталығы) қызмет көрсетуде. Қызылорда қаласы мен Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Шиелі, Жаңақорған аудандарында «Отбасын қолдау орталықтары» ашылды. Сырдария ауданы мен Байқоңыр қаласында осындай орталық биыл ашылмақ. Президент қолдауымен отбасының цифрлық картасы, 100 мың жасты жұмысқа орналастыру, жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету, оларға жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие беру жұмыстары жүргізілуде, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Облыс әкімі еңбек адамының беделін көтеру мақсатында биыл Еңбек форумы өткізілетінін хабарлап, іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастыруды тапсырды.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жаңабаев өткен жылы атқарылған жұмыстарды баяндап, жыл қорытындысымен салада барлық көрсеткіштердің артығымен орындалғанын, бөлінген қаржы толық игерілгенін жеткізді.

Мәжіліс қорытындысымен облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына жастардың кәсіпкерлік бастамаларына жылдық өсімі 2,5 пайызбен берілетін жеңілдетілген шағын несиенің 2024 жылға бөлінген қаржысын мерзімінен бұрын толық игеріп, қосымша қаржы тартуды үйлестіру тапсырмасы берілді. Мұнан бөлек, «Қызылорда облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарындағы» салаға қатысты индикаторлар толық орындалуы тиіс. Сонымен қатар әлеуметтік қолдауды қажет ететін топтарға көмек көрсету, жаңа жұмыс орындарын ашу және кәсіп көзінің санын арттыру, «Отбасының әлеуметтік картасы» ақпараттық жүйесіндегі мәліметтерді өзектендіру туралы нақты тапсырмалар берілді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

БРИФИНГ

ҚАРМАҚШЫ: АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Қармақшы ауданының әкімі Жандос Еркінбек алдағы жылға межеленген жоспарларын бөлісіп, өткен жылғы оң өзгерістерге тоқталды.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»

Аудан әкімі елді мекендерді көркейту және абаттандыруға 437 млн теңге қаржы қаралып, биыл бұл көрсеткіш екі есе өскенін айтты.

– Бүгінде шағын және орта кәсіпкерлік саласының қарқыны жақсы. Мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар шеңберінде 214 жоба несиелендірілді. Оның ішінде, «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 45 жоба қаржыландырылды. Бұдан бөлек, кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында 194 азамат грант жеңімпазы атанып, кәсібін бастауда. Ақтөбе ауылындағы «Қармақшы құс» фабрикасы толығымен іске қосылды. Кәсіпорында 100 жаңа жұмыс орны ашылып, тәулігіне орта есеппен 8-10 тонна өнім өндірілуде, – деді Ж.Еркінбек.

Жосалы кентіндегі жақсы жаңалықтың бірі – аудан орталығының «көгілдір отынға» қосылуы. Аудан басшысының айтуынша, Төретам және Ақай елді мекендері газдандырылып, Дүр Оңғар ауылына да газ желісін тарту биыл басталмақ.

Күзде күріштің әр гектарынан орта есеппен 60 центнерден өнім жиналды. «Жаңажол» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бес гектар жерге тамшылатып суару әдісімен алма бағын егу жұмысын жандандыруда. Қажырлы еңбектің арқасында «Алтын күз» мерекесінде «Жаңажол» серіктестігі облыстағы үздік шаруашылық атанып, «Үлгілі елді мекен» конкурсында II орын иеленіп, жүлдегерлер қатарынан көрінді.

Аудан әкімінің айтуынша, құрылыс жұмыстары да қарқынды. Өндіріс және өңдеу өнеркәсібін дамыту мақсатында Жосалы кентінде «АНК-Дәулет» серіктестігі газоблок өндіретін шағын зауыттың құрылысын бастады. III Интернационал ауылдық округінде жеке кәсіпкер құны 300 млн теңге болатын мал бордақылау алаңын және мал сою цехын салмақ. Жоба іске асырылғаннан кейін ет өңдеу цехын ашу көзделуде.

– Ауданда халықтың өмір сүру сапасын арттыру, әлеуметтік нысандар салу, ауызсу және газбен қамтамасыз ету, электр желілерін қайта жаңғырту мәселелері шешімін тауып келеді. Халықтың әлеуметтік осал топтарына Ұлттық қордан бөлінген қаржыға 51 тұрғын үй сатып алынып, аймақ басшысының қатысуымен пайдалануға берілді. Көмекбаев, Қармақшы, Алдашбай ахун ауылдарында құны 697 млн теңге болатын су қабылдайтын құрылғы іске қосылды. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында кент орталығында дене шынықтыру және спорт кешені пайдалануға берілді. Иіркөл, Төребай би, Ақай, Ақжар ауылдық округтерінде балалар және спорт ойын алаңдары салынды, – деді аудан басшысы.

Инфрақұрылымды дамыту бойынша да жүйелі жұмыстар атқарылды. Атап айтар болсақ, «Самара-Шымкент-Ақжар-Көмекбаев» аралығындағы автомобиль жолына жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Биыл Марал ишан кесенесіне апаратын автомобиль жолы салынбақ. Бес елді мекеннің 21 көшесі жөндеуден өтіп, аудандық бюджет есебінен Жосалы кентінің 3 көшесі жарықтандырылды. Аудандық аурухана жанынан компьютерлік томография кабинеті ашылды. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша Жосалы кенті, III Интернационал ауылында жаңа мектеп құрылысы басталмақ.

Аудан көлемінде атқарылған іс аз емес, алда жоспарлы жұмыс та жетерлік.

ӘЛЕМ ЭКОНОМИКАСЫ: ЖАҺАННЫҢ ЖАЙЫ МӘЗ ЕМЕС

Сарапшының айтуынша, егер 2020 жылғы пандемия кезіндегі құлдырауды ескермейтін болсақ, биылғы өсім 2009 жылғы әлемдік қаржы дағдарысынан кейінгі ең төмен көрсеткіш болар еді. Дүниежүзілік банктің 2030 жылға қарай кедейлік деңгейін төмендетуге қатысты жоспары қазір қолжетімсіз. Өйткені экономикалық белсенділік геосаяси қақтығыстармен шектеліп отыр. Қаржы ұйымының бас экономисті Индермит Гилл бұл 2020 жылдардағы дағдарыстың салдары екенін айтқан.

– Алдағы уақытта әлем елдерінің экономикалық өсу қарқыны әлсіз болып қалады, көптеген дамушы елдер, әсіресе, ең кедей мемлекеттер қарыз қамытынан шыға алмай, әрбір үшінші адам азық-түлік мәселесіне бас қатырады, – дейді Индермит Гилл.

Алпауыт елдер де жетісіп тұрған жоқ. АҚШ экономикасына байланысты болжам бұлыңғыр. Дүниежүзілік банктің мәліметінше, АҚШ экономикасы 2023 жылы 2,5 пайызға өсті. Биыл өсім 1,6 пайызға дейін төмендемек.

Еуроаймақтағы жағдай да тұрақты емес. Биыл өсім 0,7 пайызды құрайды деген есеп бар. Мұндай болжам энергия бағасының қымбаттауына байланысты жасалып отыр. Әлемдегі екінші үлкен экономика саналатын Қытайды да айыптаушылар бар. Қытай жаһандық дамуға қысым жасауда, өйткені 2024 жылы бұл елдің экономикалық өсімі 4,5 пайызға дейін төмендемек. Кейінгі онжылдықта болмаған дүние. Сарапшылар Қытай халқының көп бөлігі қартаюы салдарынан еңбек өнімділігінің азайғанын, инвестицияны шектейтін қарыздардың өскенін, сондықтан дамуға мүмкіндік аз екенін мәлімдеген.

КЕДЕЙЛІК ҺӘМ КҮДІК

Алдымен Дүниежүзілік банктің кедейлікке қатысты болжамына жүгінсек. Жалпы, дамушы елдер экономикасы биыл 3,9 пайызға өседі делінген. Былтырғыдан төмен бағалануда, яғни, қарқын дамушы елдердің кедейліктен құтылуы үшін жеткіліксіз. Дүниежүзілік банк 2024 жылдың соңына қарай дамушы елдердің төрттен бірінде және табысы төмен елдердің 40 пайызында адамдар 2019 жылмен салыстырғанда кедейлене түсетінін мәлімдеді.

Сарапшылар дамып келе жатқан және дамушы елдерде экономикалық өсімді арттырудың бір жолы – таза энергияға көшу және климаттың өзгеруіне бейімделу үшін жыл сайынғы 2,4 триллион доллар инвестицияны жеделдету екенін айтады.

Айтпақшы, Дүниежүзілік банк алдағы жылы Қазақстанның жалпы ішкі өнімі 4,3 пайыз деңгейінде болады деп болжаған. Расын айтқанда, жақсы көрсеткіш емес. Жалпы ішкі өнімді неге айтып отырмыз? Себебі ел халқының тұрмысы тікелей жан басына шаққандағы жалпы ішкі өніммен өлшенеді. Ал бізде табысты көбіне ресми орташа айлық деңгейі арқылы өлшеу белең алған. Ал деректер шынайы деуге келе ме? Бұған дейін бұл жөнінде талай қаузадық, мейлі, өсті деп қабылдайық. Бірақ орташа айлықты долларға шаққанда оның еш артпағанын байқауға болады. Керісінше, азаматтардың төлем қабілеті төмендей берген. 2013 жылы жалпы ішкі өнім жан басына шаққанда 13 мың 600 доллар болса, былтыр да 12-13 мың доллардың төңірегінде тұрды. 10 жылда өсім жоқ.

2022 жылы Finprom қазақстандықтардың азық-түлікке кететін шығыны табысының 46 пайызын құрайтынын жария етті. Ал тәуелсіз сарапшылар бұл меженің әлдеқашан 55-60 пайызға жеткенін айтуда. Онда халықтың әл-ауқатында теріс кету болып жатқаны даусыз. Ауыр тисе де шындықты қабылдаған абзал, экономикада халық табысының 50 пайыздан астамын азық-түлікке жұмсайтын болса, ол ел кедейлік шегінде деп қабылданады.

Ресми статистика 2022 жылы республика бойынша табысы күнкөріс деңгейінен төмен адамдардың санын 1 миллион шамасында деп көрсетті. Алайда сарапшылар кедейлердің 1,5 миллионнан асып кеткенін пандемиядан бері айтып келді. Сондықтан сандарға сенім аз. Жауаптылар жағдайдың шын көрінісін жасырғысы келетінге ұқсайды.

Халықтың әлеуметтік жағдайының төмен болуы екі индикатормен өлшенеді. Біріншісі, ең төменгі күнкөріс шегі. Екіншісі, кедейлік шегі. Кедейлік шегі ең төменгі күнкөріс шегінің, яғни 43,4 мың теңгенің 70 пайызын құрайды, бар болғаны 30 мың теңге. Сонда әлеуметтік көмек алу үшін кедейліктің қамытында отыру керек. Ал Еуроодақ аумағында кедейлік ең төменгі күнкөріс шегінің емес, орташа табыстың 60 пайыз деңгейінде белгіленген. Егер бізде осы норма бекітілген болса, кедейлік шегі 213 мың теңге шамасында болады. Бұл жай бір мезет аңсарымыздың ауғаны, әйтпесе Қазақстанда ондаған жыл бойы кедейлік шегі көтерілмеді. Ақыры кедейлік шегін Нигерия, Ангола, Венесуэла, Габон сияқты дамуы тежелген елдердің көрсеткішімен теңестіріп қойдық. Бұл аз ба, 2020 жылы жұрт жаппай тұтынатын тауарлар бағасының өсуіне байланысты жәрдем сұраушылар саны артқанына қарамастан, мемлекет тарапынан атаулы әлеуметтік көмекпен қамтылғандардың саны керісінше азая түскен. Осы фактордың кесірінен көмекке зәру азаматтардың тұрмыстық жағдайы тіптен тұралап қалды. Алайда 2021 жылы статистикалық деректердің бәрі жағымды динамиканы көрсеткен. Мысалы, Ұлттық банк былтыр инфляция деңгейін 8 пайыздан, ал азық-түлік бағасының өсімін 20 пайыздан асырмай бақты. Былтырдың өзінде инфляцияны 10 пайыздан асырмай көрсетті. Әрине, қағаз жүзінде. Шынында азық-түлік пен құрылыс тауарларының бағасы әлі де үздіксіз өсіп жатыр.

Әрине, бұл мәселе алдағы уақытта жеке-жеке зерттеуді қажет етеді. Біз тек Дүниежүзілік банктің өзі байбалам салып жатқан тұста елдегі хәл жақсы емесін жеткізгіміз келді.

1-бет

Электронды сауда жаһандық экономикалық өсудің жаңа драйверіне айналды. Қазіргі кезде әлем елдерінде электронды сауда нарығы тоқтаусыз дамып келеді. Мамандардың айтуынша, 2025 жылға қарай әлемдегі интернет сауданың үлесі бөлшек саудадан 25%-ға асып түседі деп күтілуде. Бұған онлайн және офлайн-дүкендердің бизнес процестерінің өзгеруі, өнімді орналастыру мен жарнамалаудың жаңа форматтары ықпал етіп отыр. Мұның барлығы сатып алушыларды кеңінен тартуға мүмкіндік береді әрі олардың уақытын үнемдейді. Ал сауданың бұл түрі біздің елде қалай?

Фото: Ашық дерекқордан.

Бала бағып, үйде отырған әйелдер көбіне дамуды тоқтатпас үшін жұмыс істегенді жөн көреді. Бұл бір жағынан кіріс көзі болса, екінші жағынан өзіне ұнайтын іспен айналысу адамға ерекше көңіл-күй сыйлайтыны анық.

Sb **Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»**

Теңге тиыннан құралады

Қазалылық Ақмарал Әбсаттар бір жарым жылдан бері ақша жинағыш жасап, тапсырыстар қабылдайды. Оның айтуынша, шығыны аз, жасау жолы оңай кәсіп. Қызығушылығы түскен саланы үйрену де қиын болмаған көрінеді. Қазір тиыннан теңге құрап ақша жинауды жақсы көретіндер үшін оның 10-нан астам түрін табуға болады. Қалауыңызша дизайнын да өзгертіп, тойбастар мен шағын отырыстарға 100-ден аса тапсырыс та қабылдайды.

– Бүгінде жұртшылықтың қаржылық сауаты артып келеді. Ақша жинауды әдетке айналдырғандар да жетерлік. Тіпті ата-аналар балаларына кішкентай кезінен тиын жинап, оны дұрыс жұмсауға үйретуде. Әлеуметтік желіден көріп, қалып, гипс сатып алып үйде жасап көрдім. Алғашқыда дұрыс шықпады. Кейін қолым икемделе түсті. Шығын аз кететін болғандықтан, қайта-қайта тәжірибе жасаудан қорықпадым. Кәсіптің үлкен немесе кішісі болмайды. Ол бастысы тұрақты табыс әкеліп тұруы керек. Әрбір тапсырысты дер кезінде орындап, өнімнің түрін көбейтіп келемін. Мекемелерге, дүкендерге өткіземін. Бір данасы 500, ал көбірек тапсырыс болса, бағасын 400-450 теңгеге дейін түсіріп беремін, – дейді.

Негізгі мамандығы бойынша балабақшада тәрбиеші болып жұмыс істейтін Ақмарал кішкентайымен бала күтіміне байланысты демалыста. Ол әлеуметтік желі арқылы аудан, қалалардан келген тапсырыстарды орындайды. Мұнан бөлек, қобдиша жасауды үйреніп, қазір оны да сатуда. Ал кәсіп бастауға жүрексініп жүргендерге ештеңеден қорықпай, тек алға ұмтылуға кеңес береді.

«Көз қорқақ, қол батыр» деп неге айтты дейсіз? Тәуекел етіп, кәсіп бастағанда, бастысы қорқынышыңды жеңе білген жөн. Әсіресе, үйде бесік тербетіп отырған аналар үшін қандай іспен айналысамын десе де мүмкіндік көп. Бастысы, оған деген ықыласыңыз бен қызығушылығыңыз болса жетіп жатыр.

ТҰЗДЫ БӨЛМЕ тынысыңды ашады

Шиелілік жас кәсіпкер Бибінұр Мүтәліпова «Соль+» тұзды ем орталығын ашып, тұрғындарға қызмет көрсетуде. Тұзды бөлменің жалпы аумағы 150 шаршы метр, сыйымдылығы 10 адамға арналған.

Тұзды ем бөлмесі ыңғайлы арқалы орындықтармен, жарықпен жабдықталған. Арнайы аппараттан тазартылған, өңделген тұз ауаға тарайды. Емдік тұз Қызылордадан әкелінеді. Кәсіпкер «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 8,6 млн теңге жеңілдетілген несие алып, кәсібін ашқан.

– Орталықтың ішінде барлық гигиеналық талаптар сақталған. Иммунитетті көтеру үшін 10 күн ем алады. Ал егер аурудың асқынған түрі болса, онда курс мерзімі 15-20 күнге дейін созылуы мүмкін, – дейді кәсіп иесі.

Табиғи емдік қызметтер көрсететін орталықтың экологиялық аймақта орналасқан аудан жұртшылығы үшін пайдасы зор. Әсіресе, түрлі ауруларға шалдығып, антибиотиктер қабылдап, иммунитеті әлсіреген жандарға көмегі көп.

Жас кәсіпкердің анасы орталықтың қалай ашылғанын айтып берді.

– Аймағымыздың ауасы таза емес екені белгілі. Соның салдарынан бронхит ауруына шалдыққандар көп. Өзім де балаларым жөтеліп, ауырғанда қатты алаңдап кетемін. Сөйтіп, отбасымызбен ақылдасып, осындай адам денсаулығына пайдалы жоба дайындауды жөн көрдік. Кәсіпті былтыр желтоқсан айында бастадық. Расында, тұзды ем орталығын басқа қалаға іздеп баратын едік. Бүгінде кәсібіміз нәсібімізге жарап тұр, – дейді Индира Жантөреева.

Тұзды бөлменің емдік қасиеті бұрыннан белгілі емес пе? Бронхит, жүрек аурулары, невроз және аллергия сынды ауруларға бірден-бір шипалы. Сондай-ақ тыныс жолдарын микробтардан қорғайды. Айта кетейік, тұз йодталмаған және 2,5 тонна.

Емдік қызметтерді алу ересектер үшін – 1000 теңге, балаларға – 500 теңге. Бұл – негізгі бағасы. Дәл қазір жеңілдік жүріп жатыр. Ашып айтсақ, ересектерге 500 теңге, ал 3-12 жасқа дейінгі балаларға тегін қызмет көрсетілуде. Көпбалалы аналар мен зейнеткерлерге де жеңілдіктер қарастырылған. Сонымен қатар, мұнда массаж қызметін көрсететін маман да бар. Кәсіпкер болашақта бұл жобаны әрі қарай дамытқысы келетінін айтады. Оның мақсаты – аудан тұрғындарын өзге қалаларға сабылтпай, қолжетімді бағамен ем алуына мүмкіндік жасау.

ЖАҺАНДЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ЖАҢА ДРАЙВЕРІ

ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында электронды сауданы дамыту мәселелері қаралды.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, жаһандық электронды сауда нарығы озық қарқынмен өсуде. Халықаралық сарапшылардың болжамы бойынша 2026 жылға қарай B2C әлемдік электронды нарығы $8,2 трлн-ды құрайды. Олардың бағалауы бойынша, 2022 жылы бұл көрсеткіш $5,7 трлн болды. Сол жылғы қорытынды бойынша Қазақстанда электронды сауданың үлесі 12,5%, бұл шамамен 2 трлн теңге. Интернет арқылы өткізілген негізгі тауарлар – үй тауарлары, киім және аяқкиім, тамақ өнімдері, косметика, дәрі-дәрмек.

Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиевтің айтуынша, электронды сауда қызметтері нарығының көлемі 1,2 трлн теңгені құраған, оның 50,3%-ы жолаушылар тасымалдау қызметіне тиесілі. Өткен жылдың 11 айында 2,2 трлн теңге немесе 13%. 2023 жылдың қорытындысы бойынша жоспарланған электронды сауда үлесі 13,2%-ды құрауы тиіс.

«Министрліктің алдында электронды сауданың үлесін 2030 жылға қарай 20%-ға дейін жеткізу міндеті тұр. Басқа да атқарылған жұмыстарға қысқаша тоқталатын болсам, бірінші кезекте Ұлттық статистика бюросымен бірлесіп электронды коммерцияның статистикасын қалыптастыру әдістемесін қайта қарадық. 2025 жылға дейінгі іс-шаралар жоспарын қабылдадық. Тұтынушылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында түзетулер әзірленіп, қазіргі таңда осы заң жобасы Парламент Мәжілісінде қаралуда» деді министр.

Келтірілген ақпаратқа сүйенсек, электронды коммерция мектебі жобасы іске асырылып, оның шеңберінде 2 мыңнан астам шағын және орта бизнес субъектілері оқыту курсынан өткен. Оларға кешенді мемлекеттік қолдау көрсету мақсатында еліміздің барлық өңірінде электронды коммерцияны оқыту орталықтары ашылады. Бүгінде мұндай оқыту орталықтары Батыс өңірдегі төрт аймақта іске қосылған.

Маркетплейстерде отандық өндіріс тауарларының ұсынылуын кеңейтуге ерекше назар аударылады. Бүгінде Clever Market маркетплейсінің басты парақшаларында отандық өнімге баннер шығарылды, алдымен қазақстандық өнімді іздеу нәтижелерін шығаруға басымдық берілген. Қытайдың Alibaba және JD.com ірі маркетплейстерінде ұлттық павильондар ашылды. Alibaba-да 7500 тауар, JD.com-да тауарлардың отыз түрі ұсынылған, осы платформаға 1,5 млн-нан астам қазақстандық қызығушылық танытып отыр.

Елімізде екі ірі ресейлік маркетплейстер – Ozon және Wildberries жұмыс істейді. Өткен жылдың соңындағы жағдай бойынша Ozon алаңында тіркелген қазақстандық сатушылардың саны – 45400, Wildberries алаңында – 55704. Ozon маркетплейсі екі фулфилмент-сұрыптау орталығын іске қосты, барлық қалаларда 1189 тапсырысты жеткізу пункті ашылған.

Wildberries маркетплейсі жалпы ауданы 29600 шаршы метрді құрайтын алты логистикалық орталық және 621 тапсырысты жеткізу пунктін ашты. Астана мен Алматы қалаларында екі фулфилмент орталығын салуды жоспарлауда. Өзбекстан және Тәжікстан Республикаларының профильді министрліктерімен меморандумға қол қойылды.

«Өткен жылдың қыркүйек айында Алматыда алты елден 300-ден астам қатысушының атсалысуымен Бірінші Орталық Азия электронды коммерция форумы өтті. Былтыр Орталық Азия елдерінің бірыңғай платформасы Central Asia Gateway іске қосылды. Ол Абу-Даби қаласында өткен Дүниежүзілік инвестициялық форум аясында «Үздік сауда ақпараттық порталы» номинациясы бойынша Digital Government Awards жеңімпаз атанды» деді Арман Шаққалиев.

Өткен жылдың 1 қаңтарынан бастап тауарлардың электронды саудасын жүзеге асыратын, электронды түрде қызмет көрсетумен айналысатын шетелдік компаниялар үшін Google салығы (импорт салығы) деп аталатын салық енгізілген. Жыл қорытындысы бойынша алпыс шетелдік компания тіркелген, олардың төлеген салық сомасы 34,8 млрд теңге болған (2022 ж. – 16,4 млрд теңге, 2023 ж. – 18,4 млрд теңге).

Электронды сауданы дамыту шарттарының бірі – қоймалық және логистикалық инфрақұрылымның болуы.

Министрліктің мәлімдеуінше, Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру шеңберінде 2024 жылдың соңына дейін трансшекаралық электронды сауданы ынталандыру үшін Қытай тарапымен бірлесіп Қазақстанда өңірлік қойма инфрақұрылымын құру мәселесін пысықтау жоспарланып отыр. Сонымен қатар Ақтөбе және Ақтау қалаларында фулфилмент орталықтары мен бонд қоймалары желісін дамыту жалғастырылатын болады. Бонд қоймаларын ашу Қытайдан Еуропаға және кері бағытта тауарларды одан әрі транзиттеу үшін ірі шетелдік маркетплейстердің тауарларын орналастыруға мүмкіндік береді. Бұл шетелдік тауарларды қазақстандық сатып алушыларға жеткізу уақытын алпыстан жеті күнге дейін қысқартады.

Кәсіпкерлерге маркетплейстерде қалай тіркелуді, тауарды қалай сатуды және логистика құруды үйретеді. Егер экспорттық әлеует болса, онда мұнда контрпартнер іздеуден бастап сақтандыру және қаржылық шараларды қоса алғанда, көлік шығындарын өтеуге дейінгі Қазтрейд және ҚазақЭкспорт құралдары қосылады.

«Халықаралық ұйымдар шеңберінде жұмыс жалғасатын болады. Электронды сату арқылы басқа елдермен тауар айналымын жыл сайын $100 млн-нан аса ұлғайтуды көздеп отырмыз. «Nomads of Central Asia» брендінің қолөнер сияқты тауарларын бірлесіп іске асыру үшін ірі әлемдік маркетплейстерде Орталық Азия павильонының ашылуы пысықталатын болады. Министрлік пен бизнес арасында сындарлы диалог құру үшін «Атамекен» ұлттық палатасында тұрақты жұмыс істейтін диалог алаңы іске қосылды» деп атап өтті министр.

Оның айтуынша, бұл электронды сауданы дамытуға қолайлы жағдайлар жасау жөнінде жедел, ең бастысы тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Жалпы жоғарыда аталған бастамалар электронды сауданы дамытуға өз үлесін қосады және жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізуге жол ашады.

Бетті әзірлеген «СБ» экономика бөлімі

Жапон философиясы табысты бизнес кепілі ме?

Жапон елі экономикасының даму сырын өз философиясын басқару тәсілі ретінде пайдалануда деп түсіндіреді. Ойлаумен жұмыс істеу қағидаттарына құрылған бірегей жүйе елдің экономикалық жағынан әлемдегі ең қуатты мемлекеттердің біріне айналуына мүмкіндік берді. Бұл жүйені компанияның көрсеткіштерін жақсарту үшін қалай пайдалану керек?

Жапондықтар дұрыс әрекеттер дұрыс нәтиже береді деп санайды. Кез келген проблеманы мүмкіндігінше тез анықтау үшін процестер мен адамдар арасында байланыс орнату қажет. Шешім қабылдауда асықпай, барлығын таразылау керек те, ал іске асыру кезеңінде ештеңеден тартынбай, тез әрекет ету қажет. Компания үздіксіз өзін-өзі жетілдіріп отыратын ұйым болуға ұмтылуы тиіс. Бұл қағидалардың барлығы жапон философиясы мен өмірге деген көзқарасына негізделген.

Немаваси – келісімге апаратын жол

Немаваси жапон тілінен тікелей аударғанда «тамыр қазу» деген мағына береді. Ағаш отырғызу алдында топырақ дайындаудың бір тәсілі. Оның жапондық менеджменттегі мәні де соған ұқсас. Мұқият дайындық пен жоспарлау, содан кейін шешімді жылдам орындау. Қызметкер процесті оңтайландыру немесе мәселені шешу қажеттілігі туындаған кезде ең тиімді шешімді іздеуге кіріседі. Барлығын ойланып, лайықтысын тапқан соң менеджеріне барады. Менеджер оны басшылармен келіседі. Осылайша, мәселені шешуге көптеген адам тартылып, ортақ пікірге келеді. Мәселе жоғары басшылыққа жеткенде, шешімі де дайын тұрады.

Немаваси көмегімен жұмыс нәтижесінің максималды ықтимал саны ойластырылып, пысықталады. Қателерді түзетуге, уақыт пен ресурстардың қосымша ысырап болуына жол бермейді. Бұл стратегия жұмыс процесін жөндеу тұрғысынан өте дұрыс. Қателікті болдырмауға мүмкіндік береді, барлық қатысушылардың уақытын үнемдейді.

Кайдзен стратегиясы

Кайдзен – Жапонияның әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігінің құпиясы. Масааки Имай «Кайдзен: жапондық компаниялар табысының кілті» кітабында бұл принципті басқаруда қалай қолдану керектігі туралы алғаш рет айтқан. Кайдзен тәжірибесі шағын қадамдармен үздіксіз жетілдіруді қамтиды. Егер менеджмент принциптері туралы айтатын болсақ, кайдзен барлық қызметкерлерде ойлаудың ерекше түрін қалыптастыруды көздейді. Негізгі мақсат – ұзақ мерзімді перспективада үздіксіз даму, ресурстардың қалыпты жұмсалуы, тәжірибелі, демек беделді басшының болуы, өзара көмек пен қолдау атмосферасын құру. Компанияға кайдзен принциптерін енгізу үшін ортақ мақсатқа жұмылған ұжымдық мәдениетті дамыту қажет.

Өзіндік рефлексия және хансэй

Хансэй болмаса, кайдзенмен айналысу және немаваси философиясын ұстану мүмкін емес. Хансэй жұмыста кеткен қателер ғана емес, мәселені сәтті шешкеннен кейін де үздіксіз өзін-өзі талдауды ұсынады, яғни, қатені түсіну, ашық мойындау, оның себептері мен драйверлерін жақсырақ түсіну үшін егжей-тегжейлі есеп дайындау.

Бұл ретте қате жасау фактісі емес, оны талдау басты рөл атқарады. Компания табысқа немесе сәтсіздікке нақты не әсер ететінін неғұрлым көп зерттесе, соғұрлым оны болашақта қайталамау ықтималдығы жоғары болады.

Мұндағы басты мәселе – қателіктерді мойындай білетін орта құру. Біздің менталитетімізде сәтсіздікті жаман нәрсе ретінде қабылдау мәдениеті бар. Шын мәнінде, қателер барлық жерде және әрқашан болады. Бұл – кез келген белсенді әрекеттің нәтижесі. Қатені зерттеу және тиімділікті арттыру үшін материал ретінде қабылдаудың өзі маңызды. Қызметкерлер қателік жазаға себеп емес, ал талдау өсу құралы екенін көріп, түсінуі керек.

Табыс факторларын қарастыратын болсақ, мұнда объективті талдау маңызды емес, өйткені бұл тиімді шешімдерді масштабтауға мүмкіндік береді. Кейде жетістік те кездейсоқ болуы мүмкін. Жетістік жүйелі жұмыстың нәтижесі емес, кездейсоқтық болса, онда қызметкердің өзі мұны анықтауы маңызды. Егер бұл жасалмаса, іс жүзінде сәтті нәтижеге ешқандай қатысы жоқ қате тұжырымдар мен масштабтау факторларының жоғары қаупі бар.

Жапондық менеджмент принциптерін қолдану қиын болуы мүмкін. Бірақ бұл тәжірибелер әбден мойындалған, көптеген бизнестің табысқа жетуіне септігін тигізген. Сондықтан компанияға бәсекелестік артықшылық берері сөзсіз.

«Еділ – Жайық»

Ол – композитор, жазушы әрі ақын, әнші, қылқалам шебері. Ол – өнер зерттеуші, радиотелехабарлар жүргізген сарабдал журналист, «КСРО телевидениесінің үздігі», қара сөздің қаймағын сүзіп айтатын шешен, халық құрметтеп төрінен орын беретін абыз. Ол – Қазақстан мен Қырғызстанның Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Халықаралық Жамбыл және Айтматов сыйлығын алған. Журналистер, Жазушылар және Суретшілер одақтарының мүшесі, Көркемсурет академиясының академигі, «Парасат», «Отан» ордендерінің иегері. Қазақстанның Еңбек Ері. Ендеше жазайық, Илья Жақанов 1936 жылдың мамыр айында Жамбыл облысы Сарысу ауданында дүниеге келген. Нәрестенің ат қою рәсіміне Мәделі қожа, Смағұл молда, Сәрсен ата есімді ауыл ақсақалдары келеді. «Осы Ленин көсемнің әкесінің аты кім?» дегенде, сауаты бар үй иесі Жақан «Лениннің әкесі Илья» депті. «Бәрекелді, онда бұл баланың аты Илья болсын!» Бұл сөз әуелі Мәделі қожаның аузынан шығып, өзгелері мұны қоштай кеткен.

Қазақ зиялылары мен көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарының басқан ізін аңдудың басталған шағы. Шолақ белсенділер мен олардың «құлақтары» ауыл-ауылдан жала сөздер теріп, тіміскілей бастаған кез. Сөз жата ма, «Жақанның жаңа туған нәрестесіне ауыл ақсақалдары жиналып, ұлы көсем Лениннің әкесінің есімін беріпті» деген хабарды аудандағы НКВД агенттері естіп, бұған дейін тергеуде жүрген үш ақсақалды жайына қалдырыпты. Бұл оқиға туралы Илья Жақанов «Зәузатымның баяны» эссе-элегиясында жазыпты.

1944 жылдың қысында Отан соғысынан жарадар болып, аман оралған Жақан көп жылдар мектепте ұстаздық етеді. Ата-бабалары Еділ мен Жайықты қатар қоныстаған қалың жұрт екен. Ел басына күн туған аласапыран кезеңдердің бірінде олар Арқаға қарай ауа көшіп, Сарысу бойына келіп тұрақтаған ғой. Ес білгеннен Махамбет ақынның:

– Еділ мен Жайық жер еді-ау,
Мекен еткен шаруаға
Жағасы қорған жай еді-ау,

Біз бір қаңғып жүрген қараша, – деген аянышты өлең жолдары мен Доспенбет жыраудың:

– Айналайын, Ақ Жайық
Ат салмай өтер күн қайда?
Еңсесі биік ақ орда,
Еңкейе кірер күн қайда? – деген зары немесе
Асан қайғының:
– Еділ бол да, Жайық бол
Ешкімменен ұрыспа.
Жолдасыңа жау тисе,
Жаныңды аяп тұрыспа, – дейтін жыр жолдары санасына берік орнығады. Осыдан болар туабітті Еділ мен Жайықты көрмесе де оған арнап керемет ән шығарған ғой. Оған сәл кейінірек тоқталамыз.

Илья Қаратау қаласындағы орта мектептің 10-сыныбында Мырзатай Жолдасбековпен бірге оқиды. Екеуі мектептің қабырға газетін шығарып тұрады. Мырзатай мақала жазса, бұл суретпен көркемдеген. Мектептегі барлық әдеби-музыкалық кештердің ұйымдастырушысы Мырзатай екен. Ол музыкалық аспаптарда еркін ойнайды, өлең жазады, ән айтады. Жоғары сынып оқушыларына вальс, фокстрот, танго билерін үйретеді.

Илья Жақанов 1954 жылы С.Киров атындағы Алматы Мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түседі. Университет қабырғасында атақты Мұхтар Әуезовтен дәріс алады. Осында Сапарғали Шәріпов деген режиссердің жетекшілігімен драма үйірмесі ұйымдастырылып, Өмірзақ Айтбаев, Мырзатай Жолдасбеков, Илья Жақанов, т.б. өнерпаз студенттер осы үйірмеге тартылады. Келе-келе олар Мұхтар Әуезовтің «Айман-Шолпан» пьесасын сахналауға талаптанады. Кемеңгер жазушының үйіне барып, 1934 жылдан бері ешкім қол тигізбей мұрағатында сарғайып жатып қалған, тозыңқыраған пьеса қолжазбасы тігілген папканы Илья Жақанов пен Еркімбай Әкімқұлов екеуі (Еркімбай Әкімқұлов – белгілі журналист) алып қайтады. Пьеса әуелі университет сахнасында, одан соң жасөспірімдер театрында қойылады. Оны Мұқаңның өзі келіп көріпті.

Илья ағамыз 1956 жылдан бастап ән жаза бастаған. Алғашқы әні «Түн ортасы болғанда» деп аталыпты. Онан кейін «Салтанат», «Ақ қайың», «Жан сәулем» әндері туады. Ақын Қадыр Мырзалиев Салтанат есімді қызбен бас қосып, үйлену тойын жасағанда алғаш рет «Салтанат» әні орындалады.

Ілекеңнің досы, академик Өмірзақ Айтбайұлы былай дейді: «Ильяның шығармашылық өміріне сонау студенттік кезеңнен куәгер жанның бірімін. Оның әндерінің қайсысы қай кезде, қандай жағдайда, нендей оқиғаға байланысты дүниеге келгені есімде. Олар – біздің жастық дәуреніміздің ескерткіші іспетті дүниелер. Қазақы рухты айқын танытатын әндері әуез бен ойдың, һәм сезімнің өзара қабысып, тұтасуынан туындап жатады...».

1959 жылы университетті бітірісімен Серік Қирабаев Ильяны «Қазақстан пионері» газетінің редакциясына ертіп апарып, жұмысқа орналастырады. Редакторы Сансызбай Сарғасқаев екен. Сөйтіп, Жақановтың алғашқы еңбек жолы журналистік қызметтен басталған. Балалар газеті болғанымен редакцияға сол кездегі белгілі жазушылар Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, ғалым Әлкей Марғұлан, композитор Ахмет Жұбанов мақалалар жазып, бастырып отырған. Ахмет Жұбановпен газет редакциясында жете танысып, жақсы сыйласқан сыңайлы. Ол кісінің біраз ақыл-кеңесін алған. Атақты қобызшы Ықыласты зерттеуіне Жұбанов себепші болған. Содан да болар «Ықылас» романын жазған, Балқадишаның өмірін зерттеген. Көкшедегі Зерендіге барып ұрпақтарымен кездескен. Әйел теңсіздігі делінген кеңестік керітартпа идеологияның кесірінен бұрмаланған ән мәтініндегі «Күйеуің сексен бесте шал Қадиша» деген өлең жолдарының мүлдем теріс екенін, Балқадиша өзінен бір жас ғана үлкен Сүлеймен деген кісіге тұрмысқа шыққанын, екеуінің екі ұл, үш қыз тәрбиелеп өсіргенін, Сүлейменнің 1943 жылы, Балқадишаның 1954 жылы өмірден озғанын айғақтайды.

1961 жылы Алматының «Тастақ» деген шет аймағындағы екі бөлмелі пәтерде Илья мен өмірлік серігі Тиышкүл Әлтайқызы бас қосады. Шәмші Қалдаяқов тойға Тиышкүлге арнап «Бәрінен де сен сұлу» әнін әкеледі. Әнді Майра Жүрсінова деген әнші Шәмшінің мандалинада сүйемелдеуімен орындайды. Ильяның асыл жарына шығарған «Меңді қыз» әнін белгілі әнші Сәжида Ахметова келістіре шырқаған. Бұл тамаша әндер арада қаншама жыл өткенімен, ұмытылған жоқ.

Илья ағамыздың қалың тыңдармандары ықыласпен қабылдаған әнінің бірі – «Жайлаукөл кештері». Әнді бабына келтіре орындаған Қазақстанның Халық артисі Қайрат Байбосынов. Кейінгі жылдары «Жайлаукөл кештерін» «Музарт» тобы айтып жүр. Бұл жайлы композитор: «Бірде маған әншілердің бірі телефон шалып, «Жайлаукөл кештерін» орындауға рұқсат сұрады. «Әуелі өзіңіз келіп тыңдасаңыз жақсы болар еді» деген. Мен оған: «Бұл әннің бағын ашқан Қайрат Байбосынов, Қайратты мен деп біліңдер, сол ағаларың тыңдасын» дедім. Қазір ән «Музарт» тобының негізгі репертуарына енген. Концерттік сапармен қайда барса да, жұрт «Жайлаукөл кештерін» сұрайтын көрінеді.

Осындайда ойды ой қуады. 1950 жылдардың аяғына таман композитор Соловьев-Седойдың «Подмосковные вечера» («Мәскеу түбіндегі кеш») деген керемет әні шығып, талайды таңырқатқаны, сосын қалың елдің қосыла шырқағаны есімізде. Ол кезде мектеп оқушылары болсақ та, осы бір сырлы да сазды әуен радиодан беріле қойса ықыластана тыңдап, отыра қалушы едік. Әнді Владимир Трошин деген әнші орындайтын. Музыка тілді де, ұлтты да таңдамайды. Құлаққа жағып, жүрекке жылы тисе жетіп жатыр. Жуырда «Подмосковные вечераны» Еуразия университетіндегі қытай тілі кафедрасының доценті Айнұр Әбілдақызының қытай тілінде орындағанын тыңдағаным бар. Керемет! Шамасы, Илья Жақановтың ой түкпіріндегі «осындай бір ән жазсам» деген арманынан «Жайлаукөл кештері» туған болар... Қытайдың Шыңжаң өлкесінде «Жайлаукөл кештері» қазақша да, қытайша да орындалады екен.

Сәл ілгерілеп кеттім білем, «Қазақстан пионері» газетінде 4 жыл қызмет атқарған Илья Жақановты «Қазақ радиосы» қызметке шақырады. Осында жүріп, шығармашылығы шыңдалады. Талай ән мен әншінің бағын ашады. Ел аралап, өнер зерттейді. Жоғарыда айтқандай Қытайдағы Шыңжаң және Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында тұратын қазақтардың 40-қа тарта әнін таспаға жазып әкеліп, әңгіме-концерт өткізеді. Бірде Алматыдағы кітап дүкеніне бас сұққан Илья ағамыздың қолына сөрелердің арасынан көкшетаулық ақын Еркеш Ибраһимнің шағын ғана жыр жинағы түседі. Кітапшаны әрлі-берлі парақтап тұрып, көзі «Жалғыз қайық» деген өлеңді шолады. Оқиды, ұнатады да сатып алады. Арада екі-үш күн өткенде радиоға келген Шәмші Қалдаяқовқа: «Шәке, мынаны оқыңызшы, сіздің «Қайығыңызға» қарағанда мына қайық жүрек тебіренткендей екен, – деп кітапты қолына ұстата қояды.

Айлы түн. Көл жағасы. Тып-тыныш табиғат. Ал өлеңнің өн бойынан кейіпкердің ғашығына деген мөлдір сезімін аңдауға болады. Осы қайықпен екеуі армансыз жүзіп, серуен құрғанға ұқсайды. «Музыкасы ғана жетпей тұр екен» дейді Шәмші.

Көп ұзамай Жақановтың «Жалғыз қайық» романсы әуе толқынына шығады:

– Қараңғы түнде мұңайып,
Толқынға малып тұмсығын.
Жағада жалғыз тұр қайық,
Маңайда меңіреу тыныштық.
Менің де сәулем жабығып,
Ойлардан небір айықпай,
Отыр ма екен сағынып,
Осынау бір жалғыз қайықтай.

1995 жылы Тұрсынбек Кәкішев бастап Иран еліне сапар шегеді. Мақсат – Иран қазақтарының ән-жырын зерттеп қайту. Осы сапарда Илья Жақанов Қашаған ақынның шығармашылығы туралы біраз материалдар табады. Қазақстанның Ирандағы елшісі Мырзатай Жолдасбековтің үйінде болып, оның «Тотықұс» деген әнін тыңдайды. Торда тұрған екі тотықұс Мырзатай домбыра тартса, бірі-бірін иықтап, бірін-бірі итеріп домбыраға жақындағысы келетін көрінеді. Елді сағынған Мырзекең кішкене құстардың бостандыққа шығуға талпынғанын көріп, өзінің де елге деген сағынышы жүрегін тербейді. Ән осы көңіл-күйден туса керек. Бертініректе Илья ағамыз Жолдасбеков жайлы «Шіркін, дүние!» атты кітап жазыпты. Осы жерде Жақановтың көркем шығармасы жайлы да айта кету қажет. Оған дәлел, оқырманның көзайымына айналған «Қайта оралған ән», «Хош бол, вальс», «Үзілген ән», «Бірінші концерт», «Тау мен дала әндері», «Екі жирен», «Аққу әні». Бұған қоса тарихи танымдық кітап «Қарабураны» атау орынды.

1981 жылдың 7 қазаны – «Еділ-Жайық» әнінің туған күні. Сәті келейін десе қиын ба, бір жолдасы қонаққа шақырып, соған жиналады. Илья ағамыз ертерек киініп алып, Тиышкүлді күтіп отырғанда осы «Еділ-Жайық» көмейіне лықсып келіп, құйыла береді, құйыла береді. Сәл кейінірек сөзін қазақтың ақиық ақыны Жұбан Молдағалиев жазып, бұл ән ел арасына лезде тарады. Әрбір өнер адамының, оның ішінде композитордың да шырқау биігі болады. Бізше «Еділ-Жайық» сондай туынды. Ән автордың есімін асқақтатты, мерейін үстем етіп, мәртебесін биіктетті, қалың қазақ разы болды. Кезінде әнді Бибігүл Төлегенова шырқаса, одан кейін Майра Ілиясова, бертінде Айгүл Қосанова орындады. «Еділ-Жайықты» айтушылар көп. Олардың атын атап, түсін түстеп жатпайық. Расында, жан толқытар әсем әрі кең тынысты әнді шырқауға кім құштар болмасын?! Мұндай ән туа қойса, ғасырда бір-ақ рет туатын болар?! Содан да шығар, Нұрғиса Тілендиев «Еділ-Жайықты» алғаш тыңдағанда: «Шіркін! «Сарыарқа», «Сарыжайлау», «Еділ-Жайығы» бар ел құдіретті ел ғой» десе, Шәмші Қалдаяқов: «Мощно! Бұдан кейін бізге не қалды» деп бағалаған екен. Оқырманның бір кәдесіне жарар деп «Еділ-Жайық» әнінің мәтінін ұсына кетуді жөн көрдік:

– Құлпырады дала, гүлдейді орман,
Емізеді егіз – Еділ мен Жайық,
Ақ шағала айдын, ақталған арман,
Тербеледі кеме, ойнайды қайық.
Ағады шалқып,
Аққулары қалқып,
Еділ мен Жайық.
Шырқалады әндер, жан-жүрек іңкәр,
Сылқылдайды сұлу Еділ мен Жайық,
Әуелейді адам, самғайды сұңқар,
Шығандарға, шыңға қанатын жайып.

«Еділ-Жайық» әнін тыңдаған Шыңғыс Айтматов: «Қазақтың ұлы даласының құдіреті күшті рухы» деп бағалаған.

Бүкіл қазақ даласын тербеген «Еділ-Жайық» тақырыбымен композитор 2004 жылы Алматыдағы Республика сарайында, Астанадағы Конгресс холда, 2016 жылы өзінің 80 жылдығына байланысты Атырау қаласында шығармашылық кештерін өткізіпті. Белгілі опера әншісі, Еуразия университетінің профессоры Кенжеғали Мыржықбаев Ілекеңнің 15-тен аса ән-романсын орындайды екен. Енді сол Кенжеғалиды тыңдайық: «Опера театрында концертмейстрмен бірге дайындалып жатқанымда бөлмеге жазушы Ғабит Мүсірепов, композитор Сыдық Мұхамеджанов, ақын Ғафу Қайырбеков және бір жас жігіт кіріп келді. Сасып қалдым. «Қысылма, қайталап айтып берші» деді Ғабең. Шамасы есік аузында тұрып, тыңдаған болуы керек. Мен қайталадым. «Сөзін берші» деді, сөзін бердім. Көз әйнегін киіп мәтінге үңілді. «Өй, мынау елегізу ғой. Көрдің бе, ендігі жерде мұны элегия деп орындарсың» деп қалды Сыдық Мұхамеджанов. Мен Ғабит Мүсіреповтің музыканы түсінуі мен сезімталдығына қайран қалдым. Бұл Илья Жақановтың «Сол бір шақ қайда, сол бір шақ» атты ән-романсы еді» дейді.

Жасырақ кезімізде «Балқантау» атты әнін радиодан керемет әнші Зейнеп Қойшыбаеваның шалқыта салғанын естігенбіз. Кейін білсек, Ілекең «Балқантау» циклімен төрт бірдей ән-романс жазыпты. Соның екеуінің жұлдызын осы Кенжеғали жандырған. Мақала басында Илья Жақановтың Қырғызстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері екенін жазып кеткенбіз. Енді осылай ойысайық.

1963 жылы «Адамзаттың Айтматовы» атанған қырғыздың ұлы жазушысы Шыңғыс Айтматов «Жәмила» повесі үшін Кеңес одағы бойынша ең жоғары әдеби марапат – Лениндік сыйлыққа ие болады. Міне, осы повесті оқып, одан алған әсері Илья Жақановқа «Даниярдың әнін» жазуға шабыт береді. Повестегі басты кейіпкердің бірі, яғни Жәмиланы жанындай жақсы көріп, ғашық болған Даниярдың жүрек сырын әнмен әспеттеген шығарма қырғыз-қазақ арасында үлкен резонанс туғызды. Әнді тыңдаған Айтматов композиторға разы болып: «Өте жақсы шыққан, көп рахмет! Енді осындай етіп Жәмиланың да әнін жазсаң» дегенді айтады. Ілекең келесі, яғни 1964 жылы «Жәмиланың әнін» дүниеге әкеледі. Қазақ-қырғыз тыңдармандары «Даниярдың әнін» Кенжеғали Мыржықбаевтың және Қырғызстанның Халық артисі Керім Тұратовтың орындауында зор ілтипатпен қабылдады. Қазір де Қайыржан Бердібаев деген әнші айтып жүр. «Жәмиланың әні» көп сұраныс пен үлкен қолдауға ие болды. Оны келістіре орындағандардың арасынан Қырғызстанның Халық артисі Дариха Жалғасынованы ерекше атап кетуге болады... Айтматовтың «Қызыл орамалды шынарым» повесінің әсерінен шыққан «Әселім» әні кезінде дүйім жұртты дүр сілкіндірді.

1965 жылы Илья ағамыз Ыстықкөлге барады. Бірнеше күн демалып, қайтар жолда артына бұрылып қараса, Ыстықкөл толқындап, тулап жатыр екен. Ән сазы осы сәтте туады. Қызғаныш жетегіне еріп, Әселдей ару қыздың мөлдір махаббатын бағалай алмай, одан айрылып қалған Ілиястың өкініші. Ән күні бүгінге ел аузында, ұмытылмайтыны ақиқат.

Айтпақшы, ән шыққаннан кейін өмірге келген сәбилердің арасында Әсел есімді қыздар көбейді. Ән құдіреті деген осы емес пе?! Бұл әнді құлпырта орындаған әуелі жоғарыда атап кеткен Кенжеғали Мыржықбаев, сосын Мақсат Базарбаев болды.

Илья Жақановтың өзге композиторлардан ерекшелігі – Абайға бет бұруы. Бұл қай кезден басталды? Ол үшін Илья ағамыздың өз жазғанына назар аударайық: «Әкейдің қоңыр үні мені ерекше баурайтын еді. Әсіресе «Қараңғы түнде тау қалғып» әнін айтқанда. Әкей соғысқа кете сала туған Жарылқасын деген ұлын өте жақсы көрді. Осы ұлы қызылша індетінен шетінеді. Сол бір қапалы күндерде кеш батқан шақта қараңғы бөлмеде қисайып жатып, осы әнді естілер-естілмес баяу үнмен ыңылдайтын-ды. Осы ән жүрегіме шер-шемен болып орнықты. Ауылдағы бірде-бір бала бұл әнді білген жоқ. Ән сабағында мен осы әнді орындайтын едім. Сонда мұғалімім үнсіз ойланып қалатын. Бірте-бірте білдім, бұл ән Абайдікі екен. Мен Абай музасына осылай ендім...».

Осы ретте абайтанушы, философия ғылымдарының докторы, мемлекет және қоғам қайраткері Ғарифолла Есімнің мына бір сөзін келтіре кеткіміз келді: «Ілекеңнің үлкен бір ерлігі – Абай әндеріне ықылас танытып, оны зерделеп-зерттеп, насихаттауында. Философиялық тұрғыдан алатын болсақ, Абай әндерінің астарында терең пәлсапа жатыр. Бірде біз 10-15 сенатор Ілекеңмен кездесіп қалып, оның Абай әндері жайлы айтқан әңгімелерін 4-5 сағат бойы тапжылмай отырып тыңдағанымыз бар...».

Естуімізше бір жылдары Илья ағамыз Есентуки шипажайында Абайдың Лермонтовтан аударған «Бір жым-жырт жолға шықтым түнде жалғыз» деген өлеңіне жазылған ән-романсын Қаныш Сәтбаевқа тыңдатыпты. Сәл кейінірек мұны Алматыда Анатолий Молодов 100 адамдық хор каппелласына орындатқан.

Илья Жақанов 78 жасында Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің «Бейнелеу өнері және графика» факультетін үздік дипломмен бітіреді. Ал бұған таңғалмай көріңіз?! Майлы бояумен салынған картиналары, пейзаждары, этюдтері, портреттері көздің жауын алады. Бір ғана мысал: Көркем табиғатты бейнелеген «Толағай» атты картинасын қарасақ, ол шағын тау-төбе, төңірегі көк шалғын, жасыл жайлау, етегінде жайылып жатқан үйір-үйір жылқы. Айтпақшы, «Толағай» деген керемет әні де бар. Бұл әнді Нұрлан Өнербаев, Баян Нұрмышева, Сәуле Жанпейісова мен Қарақат Әбілдина орындап жүр. Ән мәтінінің бір бөлігі есіме түсіп отыр:

– Жылқы жүр Толағайдың етегінде,
Ақбоз ат өзің көрген жетегімде.
Сен жоқсың әлі, сағындым еркем,
Мұратқа жеткізгендей шаттандырып,
Қол қысып қалып едім кетерімде,
Сертіңе сол бір бағындым еркем.
Асыл еркем, асыл еркем,
Толғанып салған әнім жетер ме екен?

Ғажайып суреткер, көсіле сөйлейтін шешен, өн бойы тұнған шежіре, бір басына жеті өнерді меңгерген Илья Жақанов – қалай айтуға да, қалай жазуға да тұрарлықтай аса биік тұлға!

«...2000 жылы Атырауға ақын Жұбан Молдағалиевтің 80 жылдығы аталып өтілетін болып, сонда бардым. Облыс әкімі Иманғали Тасмағанбетов сол жолы маған: «Сіз, «Еділ-Жайықты» көрмей жаздыңыз, ата-бабаларыңыз аумалы-төкпелі заманда осы жерден кеткен екен. Енді атақонысқа оралыңыз. Бұл өңірде жазуға да, зерттеуге де сұранып тұрған дүниелер жетерлік. Кейінгі ұрпақ оларды оқып-біліп өсуі қажет. Үйіңіз жабдығымен дайын» деді. Мен келістім. Алдын болжап, ел қамын ойлайтын қайраткер Иманғали Тасмағанбетов тек Илья Жақановты ғана емес, академик-жазушы Зейнолла Қабдолов, әншілер Хафиз Есімов пен Сәуле Жанпейісова, күйшілер Әзидолла Есқалиев пен Қаршыға Ахмедияров, дирижер Шамғон Қажығалиевқа үй-жайларын дайындап, атақоныстары Атырауға көшіріп әкелген. Алматыдан Атырауға көшіп келгеннен кейін, Ілекеңнің шығармашылығы үдейді. Қаншама деректер жинайды. Небір құнды материалдарға кенеледі. Ашылмай жатқан ән-күйлерді іздеп-тауып, ел игілігіне асырады. Өмірлік серігі Тиышкүл апамыздың айтуынша зерттеу еңбектері мен жазбалары жетерліктей көрінеді. Соның бәрін машинкаға, компьютерге терген Тиышкүл апай екен. Илья ағамыз ән шығарып, сурет салуды жалғастыруда көрінеді. Оған дәлел ретінде толқындай тербетілген, әуезді «Ағады Жайық», «Доссор вальсі», «Құлсары», т.б. әндерін атап кетуге болады. Өнер әлемінен ойып алған орны бар айтулы азамат, исі қазақтың ардақты ақсақалы Илья Жақановқа: «Жасай беріңіз аға, халқыңызға береріңіз таусылмасын!» дейік.

Темірбек ЕСЖАНОВ,
Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Фото: Ашық дереккөзден.

ЖОБА

Қызылорда облысы бойынша 2024 жылға тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы №107 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20209 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қызылорда облысы бойынша 2024 жылға тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Н. Нәлібаев**

Қызылорда облысы әкімдігінің
2024 жылғы « __ » _____
№ _____ қаулысына қосымша

Қызылорда облысы бойынша 2024 жылға тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемі

Көрсеткіш	Субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемі, мың теңге
Жергілікті бюджет	173 256
Барлығы	173 256

ЖОБА

2024 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау көлемдерін бекіту туралы

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2-тармағының 5-14) тармақшасына, «Акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды, сондай-ақ асыл тұқымды балық өсіруді дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 24 мамырдағы №180 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №28188 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2024 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау көлемдері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысы әкімі **Н. Нәлібаев**

Қызылорда облысы әкімдігінің
2024 жылғы «___» _____ №_____ қаулысына қосымша

2024 жылға арналған акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау көлемдері

№	Субсидиялау түрлері	Өлшем бірлігі	Субсидияланатын көлем	Субсидиялар сомасы, мың теңге
1.	Балық азықтарын сатып алу шығыстарын өтеу үшін субсидиялау			
1.1.	Тұқы тұқымдас балықтар және олардың будандары	килограмм	43 086,0	4524,0
2.	Балық өсіру материалын сатып алу шығыстарын өтеу үшін субсидиялау			
2.1.	Тұқы тұқымдас балықтар және олардың будандарының шабағы (30 граммға дейін)	дана	200 000	3000,0
3.	Балық өсіру-биологиялық негіздеме сатып алу шығыстарын өтеу үшін субсидиялау			
3.1.	Балық өсіру-биологиялық негіздеме	дана	8	2000,0
Барлығы:				9524,0

БРИФИНГ

ҚАЛДЫҚТЫ ӨҢДЕУ ҚАРҚЫН АЛДЫ

Экологиялық қауіпсіздік, орман, су шаруашылығындағы табиғи қордың қолжетімділігі – облыс дамуындағы маңызды көрсеткіштің бірі. Су – тіршіліктің ғана емес, өнеркәсіп түрлері мен табиғат байлығының көзі. Аталған маңызды мәселелерді өңірлік коммуникациялар қызметі ұйымдастырған брифингте облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Қайрат Жансұлтанұлы айтқан болатын.

Дина БӨКЕБАЙ, «Сыр бойы»

Аймақтың экологиялық жағдайы басқарма қызметіне тікелей қатысты тұрмыстық қалдықтарды басқару мен тығыз байланысты екенін айта кету керек. Сондықтан Президенттің «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамасына сәйкес 3 бағытта жұмыс атқарылып келеді. Бірінші бағыт қалдықтардың өңдеу үлесін арттыруға байланысты. Өткен жылы 160 мың тонна қатты тұрмыстық қалдықтың 45 700 тоннасы өңделді.

Екінші бағыт халықты тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және тасымалдау қызметімен қамтуға арналған. Облыс тұрғындарының 71,5%-ы осы қызметпен қамтамасыз етілген. Мәселен, былтыр 611 арнайы контейнер орнатылды. Соңғысы – экологиялық және санитариялық талапқа сай келетін полигондар санын арттыру. Аталған бағыт бойынша, облыстың 145 елді мекенінде полигон қызметі үшін жалпы көлемі 402 гектар жер учаскесі белгіленген. Бүгінгі күні облыстағы 7 полигон экологиялық және санитарлық талаптарға сәйкестендірілген. Облыстың 3 ауданында жалпы құны шамамен 2,1 млрд теңгені құрайтын жаңа полигондардың жоба-сметалық құжаттамалары әзірленіп, мемлекеттік сараптамаға жолданды.

– Бүгінгі күні тауарлы балық өсіру көлемі 426 тоннаға жетсе, 2024 жылы 1000 тонна балық өсіру индикативті көрсеткішін орындау жоспарланып отыр. Балық өсіру шаруашылығын дамыту, 16 аңшылық алқапты бекітіп беру бойынша конкурс өткізіп, биотехникалық іс-шаралар жүргізу – маңызды міндеттің бірі.

Орман қорының санитарлық жағдайын бақылау үшін 376,3 мың гектар жерге орман патологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіледі деп күтілуде. Өртті болдырмау және алдын алу мақсатында жаңадан өрт жолақтарын жүргізу және ескі өрт жолақтарын қалпына келтіру межеленіп отыр. Ең бастысы 2024-2026 жылдары 4 тұрмыстық қатты қалдық полигонын салу, қолданыстағы полигондарды экологиялық және санитарлық талаптарға сәйкестендіру жоспарымызда бар, – деді ол.

ҒИБРАТ

ӘКІМАЛ МАҚСҰМ

Ауылдың қақ ортасындағы биік төбе басынан Құлболды ишанның кесенесі көрінеді. Кезінде кесенені тұяқты Тұрсынбай датқа соқтырған. Кейін кәсіпкерлер, ишанның ұрпақтары жөндеп, түгелдей қоршау жасатып, кіреберіске қақпа, алдынан жұрт аялдайтын үй салып, тынығатын, дұға оқитын жерге айналдырды.

Құлболды ишан жайында көнекөздер жиі әңгімелейді. Ақын Қуаныш Баймағамбетов ишан жайында:

– Құлболды ишан әулие,
Қатардан асқан айбыны.
Сайыпназар – білімнің
Шалқар дария айдыны,
Айқожа ишан – өрдегі
Шариғаттың жейхуны! –
дейді.

Деректерге зер салсақ, ишан ата кезінде туған жерден медресе ашып, бала оқытқан, ұстазы Ысмайыл Әздерден білімін жетілдіріп, шариғат құндылықтарының насихатшысы болған. Мир Араб медресесінде, Бұқарада алған білімін туған жер топырағындағы шәкірттер бойына сіңіруге барынша күш салғанын ата ұрпақтары бірінен соң бірі жалғастырып, дәріптеумен келеді.

Біз бүгін Құлболды ишанның үшінші ұрпағы, Пазыл ишанның немересі, Тапал ахунның жиені Әбіласан атаның ұлы Әкімал мақсұм жайында әңгіме өрбіткелі тұрмыз.

Бала кезімізде Әкімал мақсұмның көзін көріп өстік. Ислам тарихын жетік білетін, дөңгелек жүзді, тостағандай көзі күлімдеп тұратын. Сақал-мұрты қап-қара осы бір кісіге таңырқай қарайтынбыз. Менің әкеммен екеуі құрдас еді. Жиі кездесетін, әңгіме дүкен құратын.

Бір оқиға әлі есімде. Бұл сонау 1946 жылдың жаз айы еді. Әкем екеуміз Қызылордадан жаяулатып келе жатқанбыз. Ауыл шетіне жақындай бергенде Әкімал мақсұмның үйіне соғып, сусындайық деді. Үйге кірдік. Мақсұм киіз үйдің ішінде олай-былай жүр. Қатты күрсінеді, әрең қолын созды.

– Қалайсыз мақсұм? – дейді әкем.

– Несін сұрайсың. Ажал шақырып тұр. Кенет сырқатқа ұшырадым, Мырзахмет. Қаладан келе жатып, «Сомтемір» тұсындағы бір үйден сусын ішкенмін. Жылып кеткен екен. Соны ішкен бойда үйге әрең жетіп құладым. Енді қатарға қосылуым қиын болар, өзің бас-көз бол!

Ишан сәлден соң бойын тіктеді. Әкем қуанып қалды. Арада бір күн өтпей жатып, мақсұм дүние салды. Әкем басы-қасында жүрді. Бүкіл ел жұмылып, мақсұмды Құлболды ишан бейітіне жайғастырды.

Әкімал мақсұм алыс сапарға шығарда жанына атқосшы етіп Жамһүр дейтін ауыл ақсақалын алып жүретін болған. Бірде екеуі Арқа жаққа тойға шақырылып, сапар шегеді. Құлболды ишан есіміне қанық Арқа жұрты мақсұмды төбеге көтеріп, сыйлайды.

Мақсұм тағы бірде Шымкенттің Шаян ауданында тұратын Аппақ ишанның ауылына жолға шығады. Жолда қарақшылар торуылдап, көмекшісі Жамһүрды соққыға жығып, Әкімал мақсұмға таяна бергенде:

– Саспа Жамһүр, жақындасын қарақшылар, – депті. Содан аят оқып, дауыл тұрғызып қарақшылар жан ұшырып, қашып құтылған көрінеді.

Құлболды ишанның ұрпақтары белсенділерден көп қысым көргенін ақсақалдар отырған жерде жиі әңгімелеуші еді. Құмарта тыңдайтынбыз.

Әкем бір әңгіменің тізгінін ағытып, айтып отырды. Бала кезіміз, құныға құлақ түреміз.

Бірде «үш әріптің» адамдары Әкімал мақсұмды алып кететін болыпты деген хабар келеді. Мақсұм зайыбы Жәмила екеуі дереу киініп, «Шіркейлі» ауылындағы нағашысы Камалатдин мақсұмның ауылына жолға шығады. Бұл жайдан хабардар «үш әріптің» үш бірдей адамы мақсұмды соңынан қуса керек. Жақындай бергенде қатты дауыл тұрып, үшеуі үш жаққа домалай ұшады. Содан бас сауғалап, кері қайтады.

– Бала-шағасы бар ғой, әттең аядым, дауылды көрдің ғой, Жәмила?! Үшеуі домалап жатыр. Енді оларға бас қайғы, – деп жолын жалғастырады.

Алдарынан Камалатдин мақсұм шығып:

– Бір нәрсені жүрегім сезіп еді, аман болсаңдар болғаны, – деп Әкімал мақсұмды, Жәмиланы атқа мінгізіп, үйіне алып келіп күтеді.

Қысқасы, Әкімал мақсұм аузы дуалы, көріпкел, әулие адам болғанын ауылдастар әлі күнге дейін әңгімелейді.

Ел ағасы болған Жаңабай Азаматов көп жыл «Шіркейлі» ауылын басқарды. Ол:

– Мені қызметке қойған Әкімал мақсұм, – деуші еді. – Бірде мақсұм: «сен төбеге шығасың, Жаңабай» деп көрген түсін айтқаны бар. Содан көп ұзамай басшылыққа келдім, – дейтін.

Әлі есімде, Әкімал мақсұм Әбіласанов мен «Қоғалыдағы» мектептің алтыншы класында оқитын 1946 жылдың тамызында 53 жасында дүниеден озды.

Ата ұрпақтары, ауылдастар оны естен шығармай, әлі күнге дейін аңызға бергісіз әңгімелер айтады. Өзінің білімдарлығымен тәнті еткен ол әлбетте әр жүректе сақтала бермек.

Әкімал мақсұмның үрім-бұтақтары Пасахаддин, Сламбек, Зият, Мәшеннен тараған немере-шөберелер «Қоғалы» мен «Шіркейіліде» өркен жайып келеді. Міне, ұрпақ жалғастығы деген осы болар, оқырман!

Әлі есімде, Әкімал мақсұм Әбіласанов елді бірлікке, ынтымаққа шақырып отыратын. Дүниеден өткен ахундар, ишан-мақсұмдар жайында тебіреніп әңгіме қозғағанда шыбын ызыңы естілмейтін. Сұрапыл соғыс жылдарында жұртпен бірге еңбек етіп, елді рухтандырып, жеңісті жақындатуға атсалысты, еңбекке жұмылдырды. Жалғыз ұлы Шахаптың ақынжандығын жиі айтып, соғыстан оралмаған сәтін, ұрпақсыз кеткенін көз жасын төге әңгімелейтін.

Иә, жүйрік уақыт жүйткіп барады. Әкімал мақсұмның дүниеден өткеніне 80 жылға жуықтады. Асылдың сынығы, Құлболды ишанның үшінші ұрпағы әлі ел аузында. Асылы, жақсы адамдар есімі осылайша мәңгі жасаса керек.

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ, Қазақстанның Құрметті журналисі

ТАҒЗЫМ

Аға! Сіз бізден алысқа кеткелі он жыл. Тура уақытпен санасақ солай. Бірақ маған да, өзге бауырлар үшін де бәрі кеше ғана болған сияқты. Бәлкім, өзіңізді сонау жоғарыдан сыртымыздан демеп жүр деп түсінгеннен шығар, шынымен алысқа әрі оралмас сапарға кеткеніңізді енді-енді түсінгендеймін. Жылы күздің басы сіздің туған күніңіз ғой. Қыркүйектің жетісі. Бұрын мәре-сәре болып құттықтап, Алматыға қоңырау шалатын кенже қарындасыңыз 10 жылдан бері телефонын қолына алып тілек жолдағысы келеді. Бірақ...

САРҚЫЛМАЙТЫН САҒЫНЫШ

Он жыл бойы сол кенже қыз қазақы әрі мұсылмандық жолмен жеті шелпекті көршілерге жағалай таратып жүр. Мешітке барып, садақа тастайды. Құран оқытып, «тие берсін» айтудан жаңылған емес. Шын сағыныш шығар, өзіңізді есінен бір сәт шығармапты.

Аға, биыл 65 жас мерейтойыңызды бар ағайын, дос-жарамен тойлар едік. «Әттең-айы» көп мына жалғанда оған жете алмадық. Сонда да шүкіршілік деймін, өйткені, артта қалған бауырларым, Бақыт жеңеше мен ұл-қыздарыңыздың ғұмыры ұзақ болсын деген дұғада жүремін. Сіз көріп үлгермеген бар қызықшылыққа солар куә болса деген арманым әрдайым өзіммен бірге, ағатай!

Талант Жалпақбайұлы Нұрмағанбет 1958 жылы дүниеге келді. Орта мектептен соң Қазақ Ауыл шаруашылығы институтын, Мәскеу халықаралық бизнес және ақпараттық технологиялар университетін бітіріп, еңбек жолын туған жері Қазалы ауданындағы №86 жылжымалы-механикаландырылған колоннада механик болып бастаған.

Аз уақытта жөндеу-механикалық шеберханасының меңгерушісі болып тағайындалды. Мұнан соң сатылап өсу басталған еді. Қазалы аудандық агроөнеркәсіптік бірлестігінің жөндеу жұмыстары жөніндегі жетекші маманы, Қазалы техникалық жөндеу кәсіпорнының директоры, өндірістік-техникалық «Агросервис» кооперативі төрағасының орынбасары, аудандық «Агроөнеркәсіп-техника» бірлестігінің бас инженері, мемлекеттік «Арман» шағын кәсіпорнының, «Қазалы» өндірістік-коммерциялық орталығының ауыл шаруашылығы өнімдерін жабдықтау және тарату мекемесі және «Қазалы» ЖШС директоры қызметін атқарды. Қазалы ауданы әкімі аппаратының шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі бөлім меңгерушісі, «Қазалы жарығы» консорциумының, «Қазалы жарығы» ассоциациясының президенті, «Даймонд-Групп» компаниясының облыс бойынша даму және инвестиция жөніндегі аймақтық директоры қызметтерін абыроймен атқара білді. Ал кейінгі жылдары аудандағы «Ер-Нұр» сауда базарының құрылтайшысы және Алматы қаласында орналасқан «Астро-Люкс» ЖШС басшысы болды.

«Халық айтса, қалт айтпас» дегендей, жұрт айтатындай, ол ізденімпаз, принципшіл, уақыт талабымен санаса білетін іскер азамат еді. Егемендіктің алғашқы жылдары кәсіпкерлік тізгінін ұстап, онысын жұртқа насихаттай жүрді. Талапкерлігі, еңбекқорлығымен қатар, өте сауатты болатын. Жастайынан ешкімнің сүйемелдеуін күтпей-ақ, өз бетінше талай игі істің басы-қасында болды.

Қонақжай еді, думанды ортада көк баянымен ән айтып, жандырып жіберетін. Алматыда оқып жүргенде Құрманғазы атындағы оркестрде баян тартыпты. Мәдина Ералиева апамыз шырқайтын «Сағым жылдар» әнін айтатын. Өміріңнің қысқа болып, сағымға айналатынын, көк баяныңның иесіз қалатынын, сездің бе екен, аға?

Бірде облыстың Құрметті азаматы, «РЗА» АҚ президенті, Сыр еліне белгілі қайраткер азамат Самұрат Имандосовпен сөйлескенімде, ағам жайлы ақтарылғаны бар еді. Алғашқы қызмет жолын Самұрат ағаның қарамағында бастағандықтан жылы естеліктер айтты.

– Бірінші күннен бастап өзінің қабілет-қарымын, білімі мен ата-анадан алған тәрбиесін көрсетіп жүрді. Оның ұйымдастырушылық қабілеті өте жоғары еді. Әсіресе, механизаторлармен жұмыс істеу, тіл табысу, жұмысқа қатысты талап пен тәртіп жағында өте белсенді болды. Ұмытпасам, бір-бір жарым жыл шамасында орталықтандырылған жөндеу-механикалық шеберханасына механик етіп тағайындадым. Ол уақытта мекемеде 700-ге жуық адам жұмыс істесе, оның 90 пайызы механизаторлар. Техника да көп. Осы техникаларды жөндеу жұмыстарын бақылауда, уақытында шаруашылық жұмыстарына қатыстыруда Талант өз ісін жоғары деңгейде алып шығатын. Ол болмысында үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу деген қасиеттен ажырамаған жігіт, – деді.

Ағамның жолдасы, бірге қызмет істеген әрі отбасылық досы, облыстық мәслихат депутаты, белгілі кәсіпкер-меценат Ибайдулла Тілеп аға да көп әңгіме шертетін.

– Талант екеуміз бір жылдың төлі едік, қатар өскен құрдасым әрі досым. Екеуміз өте жақсы сыйластық, әзілдесе жүріп, талай қызықты шақты бірге өткізгенбіз. Талант пан, асқақ жігіттердің қатарынан еді. Әрі онысы өзіне жарасып-ақ тұратын.

Ниеттес едік, қатар өсіп келе жатқан ұл-қыздарымыздың қызығын көреміз, тойларын бірге өткізіп, талай қуанышты сәттерді қатар атқарамыз деген арманымыз бар-тұғын.

Тәкеңнің бір жақсы қасиеті – кітапты көп оқитын. Қазақ классиктерінен бөлек, орыс әдебиетін де терең меңгерді. Екіншіден, нағыз саятшы болды. Аңға шығып, құс атып, балық аулайтын. Сондай-ақ қазір біз істеп жүрген бизнесті ол алғаш бастап, кеңес үкіметі тараған сәттен нарық талабына тез бейімделді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына күш салған, шағын кәсіпкерлікте көп іске ұйытқы болып, өзінің қатарластарына да, кейінгі буынға да үлгі бола білген бірден-бір азамат еді, – дейді Ибайдулла аға.

Бүгінде артында қалған алтындай ұлдары мен қыздары, немерелері, жеңгеміз Бақыт аға орнын жоқтатпай, бастаған ісін жалғастырып жүр. Тұңғышы Ермек – Ақтау қаласындағы Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің проректоры, заң ғылымдарының кандидаты, профессор, келіні Махаббат – әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің доценті, заң ғылымдарының кандидаты, үш баласы бар. Қызы Меруерт – Алматы қаласындағы «Тұран» университетінің аға оқытушысы, күйеу баласы Нұрлыбек – әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің аға оқытушысы. Қызы Арайлым – Алматыдағы сақтандыру компаниясының заңгері. Шаңырақ иесі Ернұр – Алматы облысы, Қарасай ауданының аға прокуроры қызметінде, келінім Аяулымның мамандығы – мұғалім, жақында ғана аға шаңырағында немересі дүниеге келді.

Шүкіршіліктен таймайын, осы ұл мен қыз арқылы Құдай қосқан құда-жекжаттары бар. «Адам ұрпағымен мың жасайды» дейді. Жоғарыда айтып кеткендей, балалар мен немерелер қызығын Бақыт жеңгем ұзағынан көріп, шөбере қызығына жетсін деген ізгі тілекті көп қайталаймын. «Аға алдында пейілінді көрсет, іні алдында мейіріңді көрсет» демекші, расында арқа сүйеп, ақыл сұрап, қиналғанда демеген, жабыққанда жебеген, бір әулеттің үлкені болған аға жайлы естелік әлі де көп. Әсіресе, мені қуантатыны – ағам туралы көпшіліктің жақсы пікір айтып, игі істерін үлгі-өнеге ететіні. Иә, артында атыңды жоқтатпайтын бауырларың, жан жарың мен ұрпағың барда, сіз мәңгі бізбен біргесіз, асыл аға!

Эльмира НҰРМАҒАНБЕТОВА, №7 «Балдырған» санаториялық бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі, аудандық мәслихат депутаты.
Қазалы ауданы.

ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына орай жарық көрген «Komiser Jurgenov» және «Темирбек Жургенов: Триумф и трагедия» кітаптарының тұсаукесері өтті.

Sb **Ғазиза ӘБІЛДА,**
«Сыр бойы»

ЖҮРГЕНОВ ЖОЛЫ МЕН ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Баршамызға белгілі, былтыр ТҮРКСОЙ ұйымының шешімімен Орта Азия деңгейіндегі оқу-ағарту саласының, мәдениет пен өнердің өркендеуіне өлшеусіз қызмет еткен, қазақ руханиятының қалыптасуында айқын қолтаңбасы бар, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына орай «Жүргенов жылы» жарияланған болатын. Халықаралық ұйым деңгейінде қайраткердің тағдырлы да тағылымды ғұмыр жолын насихаттап, тұлғасын таныту мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырылды. Соның бірі жазушы Бейбіт Қойшыбаевтың «Комиссар Жүргенов» романы түрік тіліне аударылса, жазушы Алмажан Өтеғалиеваның «Темирбек Жургенов: Триумф и трагедия» кітабы орыс тілінде жарық көрді.

Ел ғалымдары мен әдебиеттшілерінің бағалауынша, романда Темірбек Қараұлының өмірі, өскен ортасы, бірегей болмысы, ел ертеңі жолындағы жанқиярлық еңбегі нақты деректермен айғақтала отырып баяндалған. Сонымен қатар, қуғын-сүргінге түскен отбасының ахуалы, Т.Жүргеновтің жары Дәмеш Әмірханқызының ерінің есімін қоғамға қайтару жолында жылдар бойы еткен еңбегі айтылады. Ал жазушы Алмажан Өтеғалиеваның «Темирбек Жургенов: Триумф и трагедия» атты кең көлемді мұрағат деректеріне сүйене отырып жазылған монографиялық еңбегінде Қазақ АКСР-нің Халық ағарту комиссары Темірбек Жүргеновтің мемлекеттік және қоғамдық-саяси қызметі жан-жақты қамтылған.

Рухани шараға Мәдениет және ақпарат вице-министрі Арман Жүдебаев, Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев, мемлекет және қоғам қайраткерлері, ҚР Парламент депутаттары, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық құрылтай мүшелері, ақын-жазушылар, зиялы қауым өкілдері қатысты. Жиында Т.Жүргеновтің 125 жылдығы күллі түркі дүниесі деңгейінде тойланғаны, сондай-ақ, оның әдеби-публисцистикалық мұрасын түбегейлі зерттеп, мәдениет, әдебиет тарихында алатын орнын нақты белгілеу келешек ұрпақтың парызы екені айтылды.

Т.Жүргеновтің 125 жылдығына орай қайраткердің туған жері Сыр елінде облыс әкімдігі мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ұйымдастыруымен «Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: Жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткен болатын. Онда жазушы Бейбіт Қойшыбаевтың Т.Жүргеновтің тауқыметті тағдыры, тартысты өмір жолы жайлы ой қозғайтын «Комиссар Жүргенов» романы XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының жүгін көтеріп тұрған танымдық еңбек деп бағаланып, келешекте тарихи-ғылыми ізденіске негіз болатыны айтылған еді.

МЕМЛЕКЕТТІК СТИПЕНДИЯ ӘДЕБИЕТ ПЕН МӘДЕНИЕТТІҢ МАЙТАЛМАНДАРЫНА БЕРІЛДІ

Қатира Жәленова – «Кел, махаббат», «Аңсаған менің әнімсің», «Ақ гүлдер» атты өлең жинақтарының авторы.

Ал Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театрының актері, Бақытбек Алпысбаев – Қазақстанның еңбек сіңірген артисі. Еңбек жолында адалдық пен ізденістен айнымаған майталмандарды Мемлекеттік стипендия иегері болуымен құттықтаймыз!

Мемлекеттік стипендия ақын-жазушылар мен әдебиеттанушыларға, драматургтер мен публицистерге, театр, кино және балет актерлеріне, қолөнершілер мен өзге де мәдениет саласына зор үлес қосып жүрген азаматтарға табыс етілді. Олардың қатарында Асанәлі Әшімов, Мырзатай Жолдасбеков, Бибігүл Төлегенова, Олжас Сүлейменов Иранбек Оразбаев, Нұрғали Нүсіпжан, Тұңғышбай Жаманқұлов, Меруерт Өтекешова, Амандос Ақанаев, Дулат Исабеков, Төлен Әбдік, Әкім Тарази, Гульвер Разиева және басқалар бар.

1-бет

МАРАПАТ БЕРУДІҢ ТӘРТІБІ БЕКІТІЛДІ

Қай қоғамда болсын, құрметті мамандықтың бірі – мұғалім. Сондықтан білім беру саласының жұмысы әркез бұқараның назарында.

Заман талабына оқыту мен тәрбиелеу бағыты жаңа сатыға көтерілді. Жүйеге енгізілген жаңалықтар аз емес, алайда кемшіліктер де көзден таса қалмайды. Жұртшылықтың көз қырына ілініп, көбірек сынға ұшырап жататын мәселенің бір шеті марапаттарға байланысты. Расында, кейінгі жылдары тек білім саласы емес, жалпы айтқанда, мадақ-марапаттың айналасында әңгіме көп. Осындай сыни пікірлерді саралай келе, Оқу-ағарту министрлігі марапаттауға қатысты жаңа ұйғарым жасапты.

«Педагогтерді марапаттауға қатысты жаңсақ деректерді болдырмау үшін Оқу-ағарту министрлігінің ведомстволық наградаларымен марапаттау «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымына кіретін кейбір мемлекеттік органдардың ведомстволық наградалары туралы» Үкімет қаулысына, «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің көтермелеудің салалық жүйесін бекіту туралы» министр бұйрығына сәйкес жүзеге асырылатынын хабарлаймыз» – деп жазды ҚР Оқу-ағарту министрлігі әлеуметтік желідегі парақшасында.

Атап айтқанда, Білім беру саласының педагогтері мен қызметкерлерін көтермелеу жүйесіне кіретін марапаттар – «Оқу-ағарту министрінің Алғысы», «Оқу-ағарту министрінің Құрмет грамотасы», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқудың үздігі» құрметті дипломы, «Орта білім беру ісінің үздігі» құрметті дипломы, «Қосымша білім берудің үздігі» құрметті дипломы, «Техникалық және кәсіптік білім беру ісінің үздігі» құрметті дипломы, «Оқу-ағарту министрлігінің еңбек сіңірген қызметкері» құрметті дипломы, «Ы.Алтынсарин» төсбелгісі, «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісі, «Мейірім - әлемге махаббат» медалі, «Еңбек ардагері» медалі.

Министрліктің мәліметінше, ведомстволық наградалармен көтермелеуге ұсынысты өңірлік білім басқармалары жанындағы комиссия береді.

Кандидаттардың құжаттары салалық көтермелеу жүйесінің 6-қосымшасына сай жұмыс көрсеткіштері бойынша қаралады, яғни, жұмыс тәжірибесі, біліктілігі, педагог пен оның оқушыларының жетістіктері және т.б. марапаттарды есепке алу негізінде жүзеге асырылады. Ал министрлік комиссиясы ашық дауыс беру арқылы шешім қабылдайды. Әрбір көтермелеудің сәйкестендіру нөмірі болады, ҚР Оқу-ағарту министрінің мөрімен және қолымен бекітіледі. Ал көтермелеудің өзге түрлері ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ведомстволық наградаларына жатпайды.

«СБ» ақпарат

Қыстың сәні – ақша қар

– Бұл қалаға жауған алғашқы қалың қар болғанымен, облыстың солтүстігіндегі Арал мен Қазалы аудандарын қаңтар айының алғашқы аптасында-ақ басып қалған еді. Бұдан кейін 28-29 қаңтар күндері жауады деп болжанып отыр, – дейді маман.

23 қаңтар күні ұшқындап жауған қар ертесіне таңертең қаланы ақ көрпеге орады. «Қызылорда тазалығы» мекемесінің жұмысшылары сол уақытта түнгі сағат 01:30-дан бастап күшейтілген режимде қардан тазарту жұмыстарына кірісіп кетті. Арнайы қар тазалайтын 45 техника жұмылдырылып, көшелерге құм араласқан қоспа себіліп, тазалау жұмыстарын жүргізуде. Жалпы 211 адам екі ауысыммен қызмет етті.

– Бірінші кезекте көлік ағыны көп орталық көшелер тазартылды. Сонымен қатар, шет аймақ көшелері тазартылып, жаяу жүргіншілер жолдарына құм аралас қоспа себілді. Мамандар күшейтілген режимге көшті. Көлік жүргізушілер мен тұрғындардың қауіпсіздік ережелерін естен шығармауын сұраймыз, – дейді өндірістік бөлім басшысы Маржан Шораева.

Синоптиктердің хабарлауынша, алдағы уақытта ауа температурасы 15-20 градусқа дейін төмендейді. Иә, әр мезгіл өзінің ерекшелігімен табиғаттың сәнін келтіріп тұрады емес пе?

«Аязды күннің адам денсаулығына пайдасы бар» дейді орталық емхананың жалпы тәжірибелік дәрігері Перизат Төлеуова.

– Күн райының адам денсаулығына тигізер әсері бар. Сондықтан әр мезгілдің ретімен болғаны дұрыс. Мұндай аязды күндерде аурудың қоздырғыштары көп таралмайды. Қазір бізге ЖРВИ-мен келушілер бұрынғыға қарағанда азайды, – дейді дәрігер.

Қыс басталғалы мұндай қалың қар жаумаған облыс орталығы расымен әсем күйге оранды. Табиғаттың сұлу көрінісін қалт жібермеген фототілшіміз Нұрболат Нұржаубайдың нысанасына ілінген кадрларды тамашалаңыздар!

1-бет

SERGEK

ҚОРЖЫНДА 1 АЛТЫН, 2 ҚОЛА

Оңтүстік Кореяның Канвондо қаласында өтіп жатқан жасөспірімдер арасындағы қысқы Олимпиада жанкүйерлер арасында ерекше қызығушылық туғызып отыр. Қазірге дейін қазақстандық спортшылар 1 алтын, 2 қола медаль алды.

Дүбірлі додада шаңғымен тұғырдан секіруде қазақстандық Илья Мизерных чемпион атанды. Екінші орынға австриялық Никки Хамл болса, үшінші сатыда польшалық Лукас Лукащук жайғасты.

Жарыстың екінші күнінде ел құрамасынан шорт-тректен 1000 метр қашықтықта сынға түскен Полина Омельчук мәре сызығын үшінші болып кесіп өтті. Ол 1000 метр қашықты 1:41,600 уақыт көрсеткішімен бағындырды. Нәтижесінде ел құрамасы қоржынына қола медаль салды.

Дүбірлі додада шайбалы хоккейден Қазақстан жасөспірімдер құрамасы 3х3 хоккей турнирінде 3-орын үшін сайыста Австриямен шеберлік байқасты. Матч 6:5 есебімен аяқталып, қазақстандық хоккейшілер қола жүлдегер атанды.

Тарихқа көз салсақ, еліміз аталған олимпиадаға 2012 жылдан бері қарай қатысып келеді. 2012 жылы Австрияның Инсбурк қаласында өткен дүбірлі додада биатлонның спринт түрінен қыздар арасында қазақстандық Галина Вишневская бір күміс алса, ізбе-із жүру бәсекесінде қола жүлдеге қол созды. Сондай-ақ қазақстандық шаңғышы Сергей Малышев 10 шақырымға классикалық әдіспен жарысуда үздік үштікті түйіндеді.

Ал 2016 жылы Норвегияның Лиллехаммер қаласында өткізілген жасөспірімдер арасындағы Қысқы Олимпиада ойындарында Қазақстан қоржынына екі қола медаль түсті. Мәнерлеп сырғанаудан қыздар арасында жекелей сында Элизабет Тұрсынбаева үздік үштіктен көрінді. Тағы бір қола жүлде биатлонның спринт түрінен қыздар арасында Арина Пантова алды.

2020 жылы Швейцарияның Лозанна қаласында болған жасөспірімдер арасындағы Қысқы олимп ойындарында қазақстандық спортшылар ешқандай жүлдеге қол жеткізе алған жоқ.

Айта кетсек, дүбірлі дода 19 қаңтар-1 ақпан аралығында өтіп жатыр. Спорттық бәсекеге әлемнің 50 елінен 1 800 спортшы қатысуда. Жеті спорт түрінен (15 пән) 81 медаль жиынтығы сарапқа салынып жатыр.

«СБ» ақпарат

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 23008 | Тапсырыс №146 | Кезекші редактор **Ғазиза ӘБІЛДА**